Республикалық бюджетке төленетін төлемдерден басқа ҚР Ұлттық қорынан да төлемдер жүзеге асырылды. «Бәйтерек» ҰБХ АҚ «Бәйтерек» ҰБХ АҚ 2018-2022 жылдардың қорытындысы бойынша пайыздар және қарызды өтеу түрінде ҚР ҰҚ-на 4,7 млрд.теңге төледі, ал "Самұрық-Қазына" АҚ 697 млрд. теңге төледі. Бұл ретте 2020 жылды қоспағанда, жыл сайын борыш пен пайызды өтеу сомасы төмендеді: 2018 жылғы 276,7 млрд.теңгеден 2022 жылы 25,1 млрд. теңгеге дейін. Бұл жерде келесі мәселені айта кету керек: «Бәйтерек» ҰБХ АҚ-на бөлінетін қаражат әдетте, инвестициялық жобаларды несиелеуге арналған және Қор өз кезегінде борышкерлерге негізгі қарызды өтеу үшін жеңілдетілген график ұсынады, сондықтан мұндай қаражаттың бюджетке қайтарылуы баяу түде жүреді [6,7].

Кесте 1. "Бәйтерек" ҰБХ АҚ-ның бюджетке төлемдері, млн.теңге [7]

қаражат ағынының түрі	Қаражат алушы	2018	2019	2020	2021	2022
Дивидендтер	Республикалық бюджет	0,0	537,2	11 198,7	10368,3	33042,3
Қарызды өтеу	Республикалық бюджет	0,0	1621,4	666,7	3666,7	6371,8
Үстемақыны өтеу	Республикалық бюджет	159,4	232,0	285,9	357,4	451,8
Үстемақыны өтеу	ҚР ҰҚ	843,1	874,7	988,6	988,6	1000,6

Осылайша, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ бес жыл ішінде республикалық бюджетке 454,8 млрд.теңге төледі, яғни РБ қаражатын алудан 3,4 есе көп. Ал "Бәйтерек" ҰБХ АҚ 2018-2022 жылдары республикалық бюджеттен жарғылық капиталға жарналар түрінде 249,2 млрд.теңге алды, бұл ретте 55,1 млрд. теңге мөлшерінде дивидендтер төледі, бұл сома республикалық бюджеттен алынған қаражаттың тек 23,3% құрайды.

Кесте 2. "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ-ның бюджетке төлемдері, млн.теңге [6]

қаражат ағынының түрі	Қаражат алушы	2018	2019	2020	2021	2022
Дивидендтер	РБ	12 731,5	63750,1	120000	88337,3	170024,2
Қарызды өтеу	РБ	801,8	1010,4	19287,4	943,1	33895,5
Үстемақыны өтеу	РБ	256,3	254,7	193,6	157,5	111
Қарызды өтеу	ҚР ҰҚ	239771	161661	49136,9	88803,9	558,3
Үстемақыны өтеу	ҚР ҰҚ	36890,2	33245	31268,4	31417	24511,6

"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ дивидендтерінің көлемі жоғары болғанына қарамастан, дивидендтердің нақты сомасы нормативтік аударымдар деңгейінен әрдайым төмен болды. Мысалы, 2018 жылы "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ таза табысынан түскен нақты түсімдердің сомасы 12,7 млрд.теңгені құрады, дегенмен ол болжам бойынша кемінде 25 млрд. теңгені құрауы тиіс еді. 2020 жылы "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ 100% нормативпен таза пайданың 15,8% ғана дивиденд ретінде төледі.

"Бәйтерек" ҰБХ АҚ болса, ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы №1427 қаулысына сәйкес компанияның жыл сайынғы дивидендтерінің мөлшері шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікте көрсетілген таза кіріс сомасының кемінде 70% -н құрауы тиіс. Алайда, компанияның таза табысынан түскен нақты түсімдердің үлесі орта есеппен 2017-2021 жылдары небәрі 19,0 % құрады. Дегенмен, бұл үлес 2021 жылы 29,8% - ға дейін өсті, бұл бюджетке дивидендтер төлеудің айтарлықтай жақсарғанын көрсетеді.

Бұдан шығатыны, қазіргі уақытта "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ мен "Бәйтерек" ҰБХ АҚ-нан бюджетке дивидендтердің жеткіліксіз түспеуі бар, бұл бюджет ресурстарын шектеп, Үкіметтің өзінің әлеуметтік, экономикалық және инфрақұрылымдық міндеттемелерін орындауын қиындатуы мүмкін [10].

Сонымен бірге, екі компания да квази-фискалдық қызметтің кең спектрін орындайтынын атап өткен жөн, бұл белгілі бір қызмет түрлерін немесе әлеуметтік белсенділікті ынталандыруға

бағытталған бюджеттен тыс ұйымдардың әрекеттері. Яғни, квази-фискалдық қызметке КМС субъектілерінің бюджеттен немесе мемлекеттік қаржы саласынан тыс процесте орындалатын операцияларын жатқызуға болады. Қазақстандағы квази-фискалдық қызмет көп жағдайда әлеуметтік қамсыздандыруға бағытталған. Мысалы, әлеуметтік нысандарды салу. Демек, квази-фискалдық қызмет қаржылық салдары болуы мүмкін және мемлекеттік қаржыға әсер етуі мүмкін, бірақ ол ресми бюджеттік есептерге қосылмайды.

"Квази-фискалдық қызмет" термині салыстырмалы түрде жаңа, сондықтан оны КМС субъектілері бағалаған жоқ. Осыған байланысты, алдағы уақытта осы тұжырымдаманы бекіту және осы қызметті реттеуді енгізу ұсынылады.

Кесте 3. "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ-нан кассалық әдіс бойынша акционеріне басқа үлестірулер, млн.теңге [6]

	2019	2020	2021	2022
Спорт және бірыңғай операторды қаржыландыру	33 539	35 800	29 368	25 637
Медициналық клиниканың құрылысын қаржыландыру	-	-	23 750	-
Вакцина сатып алуды қаржыландыру	-	-	13 410	-
Түркістандағы объектілерді қаржыландыру	2000	29 714	7694	-
Қаздрамтеатр құрылысын қаржыландыру	-	26 289	5425	-
спорткешендерінің құрылысын қаржыландыру	14031	26 858	-	-

Талдау көрсеткендей, мемлекет КМС субъектілеріне несиелер беруді ұлғайтып, жарғылық жарнаға салым түріндегі төлемдерді қысқартуда белсендірек бола бастады, алайда осы жерде бюджет үшін ықтимал тәуекелдер туындайды себебі несинің мемлекетке уақытылы қайтарылмауы бюджет қаражатының елеулі шығындарына әкеп соғуы мүмкін.

Айта кету керек, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ және "Бәйтерек" ҰБХ АҚ төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша бюджеттік несиелер береді, ал холдингтер өздерінің әлеуметтік және инвестициялық жобаларды іске асыратын еншілес компанияларына несиелерді жоғары нарықтық пайызбен береді.

КМС тарапынан бюджет үшін тағы бір ықтимал тәуекел "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ және "Бәйтерек" ҰБХ АҚ-дан үкіметке дивидендтердің тиісті мөлшерде алынбауына қатысты.

Осыған байланысты, қазіргі уақытта мемлекеттің ел экономикасына қатысу үлесін қысқартуға бағытталған мемлекеттік активтерді мемлекеттік басқару саясаты іске асырылуда. Бұл міндет Үкіметтің 2021 жылғы 12 қазандағы №728 қаулысымен бекітілген 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылады, одан күтілетін әсер стратегиялық функцияларды немесе бәсекелестік экономикалық тұрғыдан болатын жағдайларды қоспағанда, жекешелендіру, мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға беру жолымен мемлекеттің экономикадағы үлесін 14% - ға дейін төмендету болып табылады [2, 3].

Мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы КМС-ды тиімді дамыту, КМС-дың мемлекеттік бюджетке тәуелділігін төмендету, корпоративтік басқаруды күшейту, КМС субъектілерін жіктеу жүйесін оңтайландыру, ақпараттық ашықтық, тиімді ,актам және ашық КМС-ті одан әрі реформалауды жалғастыруға бағытталған [10].

КМС-ті одан әрі реформалау мақсатында квазимемлекеттік секторды реформалау жөніндегі Талдамалық баяндама мақұлданды және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес КМС реформалаудың негізгі бағыттары:

1) КМС-ге қатысты меншік түсінігін негіздеп, нақтылау арқылы КМС субъектілерінің нақты

даму векторын айқындап, мемлекеттің меншік иесі ретіндегі қазіргі функциясын қайта қарастыру;

2) КМС субъектілерін оңтайландыруды жүргізе отырып, оларды "экономикалық" және "экономикалық емес" санаттары бойынша жіктеу.

3) КМС субъектілерін корпоративтік басқаруды түбегейлі жақсарту.

КГС субъектілерін тиісті жіктеу, олардың қызметінің нәтижелері туралы есепті ұсыну және жариялау арқылы ретке келтіру мақсатында қазіргі уақыттағы нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажеттігі туындайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сәйкестік аудиты рәсімдік стандарты, ҚР ҚМ 2022 жылғы 1 ақпандығы №113 бұйрығымен бекітілген
2. 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жоба, Электрондық дереккөз: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000728>
3. ҚР 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары, Электрондық дереккөз: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000520>
4. Ұлттық статистика Бюросының ресми сайты <https://stat.gov.kz/>
5. Акционерлік қоғамдар туралы Заң 2003 жылғы 13 мамыр №415, Электрондық дереккөз: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000497>
6. "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ АҚ-ның жылдық есептері, <https://sk.kz/investors/financial-performance/?lang=kz>
7. "Бәйтерек" ҰБХ АҚ-ның жылдық есептері, <https://baiterek.gov.kz/ru/>
8. Kazakhstan : MFF: Small and Medium Enterprise Investment Program /ADB/ 2023-023 Электрондық дереккөз: <https://www.adb.org/projects/44060-023/main#>
9. Baiterek: Government Fund in Kazakhstan, Asia / Электрондық дереккөз: <https://www.swfinstitute.org/profile/598cdaa50124e9fd2d05b52b>
10. ҚР Ұлттық экономика Министірлігінің талдамалы есебі, Астана, 2023ж / Электрондық дереккөз: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/documents/1?lang=kk&ysclid=loeckstc6g690154063>

## **ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МЕН АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Ерниязова А.Р**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы,

[aziza.verniyazova@mail.ru](mailto:aziza.verniyazova@mail.ru)

*Ғылыми жетекшісі: Жахметова А.Қ.*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада «Мемлекеттік аудитте зерттеулерді ұйымдастыру» пәнінде зерттелетін денсаулық сақтау саласын қаржыландыру мәселелеріне қатысты аудит қызметтерінің маңызы мен қаржылық есептің жүргізілу мәні қарастырылған. Белгілі саланы Қазақстанда дамыту тенденциясына кедергі келтіретін нысандар мен бұзушылықтар туралы ақпарат көрсетілген. Медициналық сақтандыру жүйесіндегі қазіргі таңдағы актуалды қарама-қайшылықтар, зерттеулер нәтижесі статистикалық мағлұматтар арқылы көрініс табады. Осы мәселелерден туындайтын мемлекеттегі аудит жүйесінің дамуы – жан жақты мінсіз дамудың оңтайлы алғышарты.

**Аннотация:** В данной статье рассматривается значение аудиторских служб и сущность ведения финансовой отчетности, касающейся вопросов финансирования сферы

здравоохранения, изучаемых в дисциплине «Организация исследований в государственном аудите». Отражена информация об объектах и нарушениях, препятствующих тенденции развития известной отрасли в Казахстане. Современные актуальные противоречия в системе медицинского страхования, результаты исследований отражаются на статистических данных. Развитие системы аудита в государстве, вытекающее из этих вопросов, является оптимальной предпосылкой для всестороннего безупречного развития.

**Annotation:** In this article, the subject «Organization of research in the state audit» discusses the importance of audit services and the subject of financial accounting in relation to the issues of financing the health sector studied. Information about objects and violations that hinder the development trend of a particular industry in Kazakhstan is indicated. Current contradictions in the health insurance system, the results of research are reflected in statistical information. The development of the audit system in the state arising from these issues is an optimal prerequisite for comprehensive perfect development.

Кілт сөздер: қаржыландыру, қаржылық бақылау, мемлекеттік аудит, Денсаулық Сақтау Министрлігі, медициналық сақтандыру жүйесі, қаржылық есептілік, МӘМС.

Ключевые слова: финансирование, финансовый контроль, государственный аудит, Министерство Здравоохранения, система медицинского страхования, финансовая отчетность, ОСМС.

Keywords: financing, financial control, state audit, Ministry of Health, Health Insurance System, financial statements, CSHI.

Экономикадағы болып жатқан көптеген жаһандық өзгерістер әлеуметтік қамтамасыз ету салаларының экономикалық жетілуін және дамуының алғышарты ретінде қарастырылады. Нақтылап айтқанда, жалпы экономикалық өсуді, экономиканың әртүрлі салаларының арасындағы тепе-теңдікті, халықтың өмір сүру деңгейінің сапалық көрсеткіштерін, халықтың денсаулық, білім деңгейінің көрсеткіштерін алдын-ала анықтайтынын дәлелдейді. Кез келген тұғыры нық тұратын мемлекеттің денсаулық сақтау секторы экономика құрылымының үлкен материалдық, қаржы және адами қорларын тұтынады. Бүгінгі таңда халықтың денсаулық көрсеткіштері (орташа өмір сүру ұзақтығы, ана және бала өлімі, ауыру деңгейі және т.б.) әртүрлі мемлекеттер арасында салыстырылатын және әр елдің өркениеттілігінің деңгейін көрсететін факторлардың бірі болып саналады. Денсаулық сақтау мәселелері саяси – демографиялық деңгейде қарастырылып отыратын проблемалардың бірі. Әлемдік экономикалық даму жағдайында денсаулық сақтау саласының қаржылық ресурстармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі және саланы ұйымдастыру мен басқарудағы кейбір кемшіліктер біздің елімізде бұл мәселелерді зерттеудің әлі де терең жүргізілуі қажеттілігін көрсетеді. Дамыған елдерде денсаулық сақтау саласының ұйымдастырылуы мен басқарылуы және салаға қаржы қорларының түрлі көздерден тартылуы әртүрлі үлгіде тиімді жүзеге асырылып келеді. Елдің денсаулық сақтау жүйесін тиімді әрі жеткілікті түрде толық жүргізу – саясатты жүргізіп отырған мемлекеттің экономикасы мен халықаралық аренадағы орнын айқындайтын нысандар болып табылады. Соның ішінде сала құрылымының түбегейлі өзгерісі, нарық талаптарының күшеюі, егде жастағы, ауру адамдар үлесінің артуы, медициналық технологиялардың сапасыз қозғалысы, адамдар тұтынуының қажеттіліктерінің кеңеюі, денсаулық сақтау саласының дамуы үшін тежеуіш факторлар болып айқындалады. Осы салаға жеткілікті деңгейде бөлінген ақша қаражаттары медициналық қызметті қарапайым тұрғындар үшін қолжетімді етуіне себепкер болады. Денсаулық сақтау саласын қаржыландыру – мемлекеттің ең маңызды құрамбөлігі.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы Денсаулық сақтау жүйесін қаржылық қамтамасыз ету көздері:

- 1) бюджет қаражаты;  
- әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері;
- 2) ерікті медициналық сақтандыру қаражаты;

3) ақылы қызметтер көрсетуден алынған қаражат

- жеке және заңды тұлғалардан ерікті қайырылымдықтар ретінде түскен қаражат;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздер болып табылады.[1]

Мемлекеттің денсаулық сақтауға бөлген үлкен шығындары ең алдымен елдің бюджеттік шығыны емес, ол экономикалық қайтарым әкелетін инвестициялар екенін түсіну маңызды. Денсаулық сақтауды қаржыландырудың үйлесімді моделі Қазақстан үшін – нарықтық қатынасы бар модель. Бұл тұрғындарды тәуелсіз жалпыға бірдей медициналық көмекпен қамтуға және қажеттілікке мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру тәртібі мен әдістемесін уәкілетті орган айқындайды.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін қаржыландыру нысандары келесі:

- мемлекеттік медициналық мекемелер үшін - жеке-дара қаржыландыру жоспары бойынша;

- мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, денсаулық сақтау субъектілері үшін – бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен және әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен шарт негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз міндеттерін атқарады. Оны енгізудің арқасында денсаулық сақтау саласын қаржыландыру 2 еседен астам өсті. 2019 жылы МӘМС жүзеге асырылғанға дейін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне шамамен 1 трлн теңге бөлінді. ЖМС жүйесі тиімділіктің жеткіліксіздігі үшін жиі сынға ұшырайды. Қазақстандықтар жарна төлейді, бірақ медициналық қызметтерді толық көлемде ала алмайды.

ҚР Парламент Мәжілісінің депутаттары соңғы екі жылдағы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жұмыс нәтижелерін қарау кезінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің проблемаларын анықтады: Денсаулық сақтау саласындағы шығыстардың қаржылық ауыртпалығы азаматтарға түседі, ал медициналық сақтандыру қоры қарапайым бюджеттен тыс қорға айналды деген қорытындыға келді. Алайда, бұл олай емес. Егер Денсаулық сақтау саласын қаржыландыру статистикасына қарасақ, МӘМС көрсеткіші үнемі өсіп келе жатқанын көруге болады.

Егер 2020 жылы жүйеге медициналық көмекке жұмсалатын шығыстардың 32,4% – ы тиесілі болса, 2023 жылы ол 43,7% - ға-1,1 трлн теңгеге дейін өсті. Осы уақытқа дейін көптеген қазақстандықтар әлеуметтік медициналық сақтандырудың қатысушылары болып табылмайтыны анықталды – тек қана нақты халықтың 82,4%-ы тіркелген. [2]


1-кесте

Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау ұйымдарының қаржы-шаруашылық қызметі туралы, млрд тг (2022 ж.)

<b>Кірістер</b>	<b>Млрд тг</b>	<b>Пайыздық үлесі</b>
<b>ағымдағы кірістер</b>	<b>2905,0</b>	<b>100</b>
ауруханалар кірістері	1583,1	54,5
жалпы дәрігерлік практика	474,9	16,3
адам денсаулығын қорғау жөніндегі өзге де қызмет	424,8	14,6
арнайы дәрігерлік практика	161,6	5,6
стоматологиялық қызмет	129,8	4,5
әлеуметтік қызметтер саласындағы қызмет	130,8	4,5




2022 жылы денсаулық сақтау ұйымдарының ағымдағы шығыстары 2876,8 млрд. Теңгені құрады, оның ішінде ең үлкен үлес салмағы жұмыс күшін ұстауға жұмсалған шығындар – 1527,7 млрд.теңгені (53,1%) және сатып алынған қызметтер бойынша шығыстар -360,1 млрд. Теңгені (12,5%) құрады. Қалған шығыстар 988,7 млрд.теңгені (34,4%) құрады.



Сурет 2. Аймақтардағы ағымдағы кірістер мен шығыстардың динамикасы, мың тг [3]

Қазақстандағы медицина жағдайы Еуропа елдеріне қарағанда әлдеқайта төмен деңгейде көрсетіледі. Оған себеп – елдегі жемқорлық тұспаты. Денсаулық сақтаудағы сыбайлас жемқорлық – бұл медициналық қызметкерлердің материалдық, материалдық емес игіліктер мен артықшылықтарды заңсыз алу мақсатында мемлекеттік және жеке денсаулық сақтау жүйелерінде өзінің қызметтік жағдайын пайдакүнемдікпен пайдалануында, сондай-ақ мүдделеріне елеулі зиян келтірген немесе келтіре алатын жеке немесе заңды тұлғаларға мұндай артықшылықтарды заңсыз беруінде көрініс табатын қайталанатын және тұрақты дамып келе жатқан кешенді әлеуметтік-құқықтық құбылыс халықтың денсаулығын сақтау саласындағы қоғамдар мен мемлекеттер, сондай-ақ азаматтардың денсаулық сақтау және медициналық көмек алу құқықтарын іске асыру саласындағы қалыпты қоғамдық қатынастарды бұзады.




Сурет 3. 2022 жылғы мемлекеттік бюджеттің денсаулық сақтау саласындағы шығындары, млн тг. [4]

Біздің мемлекетіміздің құқықтық актілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың екпіні айқындалған-оның мемлекет пен қоғам өмірінің әртүрлі салаларындағы көріністерінің алдын алу, себептері мен жағдайларын жою. Дәрілік заттар мен препараттарды, медициналық жабдықтар мен медициналық техниканы, тамақ өнімдерін сатып алу саласындағы құқық бұзушылықтар заңнама бойынша қатаң жауапкершілікке әкеп соғады.

Бұл салдардың нәтижесінде халықтың денсаулығы – пайдакүнер адамдардың қалтасын толтыратын байыту нысанына айналып отыр. Медициналық персоналдың толып кетуіне және медициналық мекемелердің толып кетуіне байланысты сыбайлас жемқорлық қаупі артты, бұл өз кезегінде азаматтардың денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімін төмендетеді. Бұл тұрғыда сыбайлас жемқорлықтың жаһандық қатерін түсіне отырып, аурухана қызметінде ашықтықты қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғаммен тиімді қарым-қатынас жасау маңызды. Республикалық Бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Жоғары Аудиторлық Палатасының денсаулық сақтау саласында 2022 жылы жүргізген тексерісі бойынша анықталды: соңғы 5 жылда медициналық кадрлардың жалпы тапшылығы 2 есеге артып, 23,1 мың бірлікке жеткенін түсіндірді. Бұл ретте тапшылықты жабу лауазымдарды медициналық мамандармен біріктіру арқылы жүзеге асырылады, оның коэффициенті бір лауазымға 1,4-тен 2 бірлікке дейін өзгереді, бұл денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлеріне жоғары жүктеме әкеледі және көрсетілетін медициналық көмектің сапасына теріс әсер етеді. 2020 жылдан 2021 жылға дейін медицина қызметкерлері мен денсаулық сақтау ұйымдарына шағымдар саны 2 еседен астам өсті. Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеген кәсіби стандарттардың болмауы мамандардың білім деңгейі мен кәсіби даярлығын тиісті бағалаусыз клиникалық қызметпен айналысуға құқық беретін рұқсат құжаттарын алу мүмкіндігіне әкеледі. Жоғары оқу орындары интернатура мен резидентураға баса назар аудара отырып, академиялық ұтқырлық бағдарламаларын кеңейтуді, кадрларды даярлауда, ерте клиникалық бейіндеуде кәсіби және көпсалалы тәсілдер

технологияларын енгізуді тиісті деңгейде іске асырмайды.

2022 жылғы мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар сомасы 5 суретте берілген:



Сурет 4. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша 2022 жылғы анықталған бұзушылықтар сомасы, млн тг

Анықталған бұзушылықтардың жалпы сомасы **5825,6 млн тг**-ні құрады. Сондай-ақ 151 процедуралық бұзушылық анықталды. [5]

Пациенттер алатын медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету үшін медицина қызметкерлері заң бойынша тұрақты қаржылық тексерулерден өтуге міндетті. Қаржылық аудиттер Денсаулық сақтау ұйымындағы мақсатсыз немесе есепке алынбаған шығындарды анықтауға және түзетуге көмектеседі. Аудиторлар, әдетте, қаражаттың дұрыс пайдаланылғанын және бюджетке салынған және нақты жұмсалған нәрсе арасында сәйкессіздіктер бар-жоғын анықтау үшін банктік үзінді көшірмелерді, шот-фактураларды және басқа құжаттамаларды қарайды.

Денсаулық сақтау саласында қаржылық жоспарлауды жүзеге асырар алдында ескерілетін нысандар:

1. Халықты қолжетімді медициналық көмекпен қамтамасыз ету
2. Медициналық дәрілік заттардың үнемді, жеткілікті және мақсатты қолдануын бақылау
3. Дәрі дәрмектерді тек дәрігер маманның рұқсатымен және ұсынысымен жазылған рецепт арқылы сату
4. Бюджеттік шығындарды оптимизациялау және саралау
5. Осы салаға бөлінген қаржы ресурстарын тиімді пайдалану және медициналық мекемелердің мәртебесін өсіру.

Қорытындылай келе, денсаулық сақтау саласы – еліміздің экономикалық жағдайын тұғыр ұстап тұратын негізгі бағыттардың бірі. Сондықтан, осы белгіленген салаға жеткілікті деңгейде бюджеттен ақша қаражаттарын бөлумен қатар, олардың жұмсалуын кезекті бақылау маңызды болып табылады. Денсаулық сақтау саласындағы қаржылық бұзушылықтардың алдын алу – қызметі бойынша профилактикалық шараларды күшейту мен медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ст. 67 ҚР Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ [https://kodeksy-kz.com/o\\_zdorove\\_naroda\\_i\\_sisteme\\_zdravoohraneniya/67.htm](https://kodeksy-kz.com/o_zdorove_naroda_i_sisteme_zdravoohraneniya/67.htm)

2. Қазақстанда міндетті медициналық сақтандыру тиімділігі <https://www.nur.kz/nurfin/insurance/2043692-effektivno-li-obyazatelnoe-meditsinskoe-strahovanie-v-kazahstane/>

3. О финансово-хозяйственной деятельности организаций здравоохранения в Республике Казахстан (2022г.) <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-medicine/publications/64216/>

4. 2022 – 2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 77-VII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000077>

5. Денсаулық сақтау саласындағы бұзушылықтар. Есеп комитеті аудитінің қорытындылары <https://kapital.kz/gosudarstvo/106352/narusheniya-na-5-8-mlrd-tenge-vyyavili-posle-proverki-sfery-zdravookhraneniya.html>

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЛОКЧЕЙН МЕН КРИПТОВАЛЮТАНЫҢ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕБІ

*Жанғалиева Р.У., аға оқытушы, э.ғ.м.  
Мустафина А. С., аға оқытушы*

*М.Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қаласы, Қазақстан Республикасы  
raya\_1972@mail.ru*

**Аннотация.** Неопределенность в правовой квалификации криптовалюты будет необходима для признания в налоговых целях. Так, в рамках проекта нового Налогового кодекса РК, принятие которого близится к завершению, вопрос о признании криптовалюты также не нашел ответа. Но, если мы адаптируем текущее налоговое законодательство РК к цифровой экономике, признание криптовалюты с точки зрения международных стандартов финансовой отчетности (МСФО) по-прежнему должно считаться отправной точкой. В соответствии с действующим налоговым законодательством РК доходы, расходы, активы и обязательства в целях налогового учета должны признаваться в соответствии с МСФО, если не установлено иное.

**Annotation.** Uncertainty in the legal qualification of cryptocurrencies will be necessary for recognition for tax purposes. Thus, within the framework of the draft of the new Tax Code of the Republic of Kazakhstan, the adoption of which is nearing completion, the question of the recognition of cryptocurrencies has also not found an answer. But, if we adapt the current tax legislation of the Republic of Kazakhstan to the digital economy, the recognition of cryptocurrencies from the point of view of international Financial Reporting Standards (IFRS) should still be considered a starting point. In accordance with the current tax legislation of the Republic of Kazakhstan, income, expenses, assets and liabilities for tax accounting purposes must be recognized in accordance with IFRS, unless otherwise specified.

Жалпы мемлекеттік бақылаудан қалыс қалатын блокчейн технологиясы фриланс пен цифрлық экономика қолданатын адамдар мен жас буынға ұнады. Виртуалды валюта бағамдарының қарқынды өсуі көпшіліктің назарын аударды және бүгінде блокчейн тақырыбы ешкімді бей-жай қалдырмайды.

Өндіру мен сауданың қарапайымдылығы миллиардтаған долларды құрайтын криптовалютаның жоғары капитализациясына әкелді. Бұл өз кезегінде киберқылмыскерлерді (даркнет тұрғындары, картельдер мен қаржы пирамидаларының негізін қалаушылар) және

дәстүрлі банк және инвестициялық салалардың өкілдерін тартады. Сондықтан мемлекеттер, Орталық банктер, құқық қорғау және фискалдық органдар басшыларының блокчейн негізінде «қаржы құралдарына» тыйым салу немесе бақылау қажеттілігі туралы тұрақты мәлімдемелері күтілуде.

Әлбетте, бірінші кезектегі міндет-блокчейн құралдары үшін құқықтық база құру. Бүгінгі таңда бірқатар елдерде криптовалюта операцияларына рұқсат етілген –Германия мен Жапонияда биткойн (Bitcoin) қазірдің өзінде заңды төлем құралы болып табылады.

Мысалы, Ресейде, төлем құралы ретінде криптовалютаның белсенді енгізілуіне қарамастан, бір жағынан, «виртуалды валюталар» бойынша операцияның заңды міндетті субъектілері мен қамтамасыз етілмеуіне байланысты мұндай операциялар алыпсатарлық деп танылады. Блокчейнді пайдалану еркіндігі арасындағы тепе-теңдікке қалай қол жеткізуге болады және сонымен бірге алаяқтардың жаңа экономика жағдайында адамдық толқудан пайда табуына жол бермейді? «Эйфория, скепсис, қолдануды кеңейту, күтулерді түзету, кеңінен қолдану" – жаңа технологияны қабылдаудың осы тізбегінде Қазақстан қазір скепсистен қолдану аясын кеңейтуге белсенді көшу сатысында тұр.

ҚР-да криптовалютаны пайдалану үшін құқықтық базаның болмауы бірқатар шешілмеген мәселелерді тудырды: заттық, құқық, қандай міндеттеме қолданылуы тиіс, сот талабын қою тәртібі қандай, салық салдары қандай?

Өздеріңіз білетіндей, 25.06.2020 ж. ҚР-да «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 347-VI ҚР Заңы қабылданды. Атап айтқанда, аталған Заңда цифрлық активтерді азаматтық құқықтар объектілерінің құрамына енгізу және олардың құқықтық режимін айқындау туралы мәселелер бойынша ҚР Азаматтық Кодексіне және «ақпараттандыру туралы» ҚР Заңына өзгерістер енгізілді.

Осы Заңның қабылдануымен Қазақстан Республикасында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді (криптовалюта) шығаруға және олардың айналымына тыйым салынды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында цифрлық майнинг енді заңдастырылды.

Бір жағынан, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағында қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығаруға және олардың айналымына тыйым салынады [2].

Басқаша айтқанда, жалпы ереже бойынша ҚР-да криптовалютаны шығаруға және айналысқа тыйым салынады.

Сонымен бірге, заң шығарушы жеке жағдайларда және, мүмкін, жеке мүдделер үшін криптовалюта айналымына рұқсат берудің шұғыл қажеттілігі туындаған жағдайда маневр жасау үшін өзі үшін ойын қалдырды.

Екінші жағынан, ҚР-да цифрлық майнинг толығымен заңдастырылған. Заң шығарушының пікірінше, тау-кен өндірісі бар ма? Ақша айналымын реттеу тілінде тау - кен өндірісі-бұл криптовалюта шығарудан басқа ештеңе емес.

Ақпараттық жүйеде есептеу операцияларын жүзеге асыру арқылы жеңімпаз криптовалюта бірліктерін шығарады және тағайындайды.

Егер есептеу операциясы сәтті аяқталған болса, онда криптовалюта белгілі бір қатысушыға әмиянға түседі, яғни ол автоматты түрде бірден айналымға түседі.

Бір уақытта бір қызметке тыйым салатын және рұқсат беретін көрсетілген құқықтық нормаларда - қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығару және цифрлық майнингте қайшылық бар. Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар бұл туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті екенін ескере отырып, бұл қамтамасыз етілмеген цифрлық активтерді шығаруды - заңсыз қызметті жүзеге асыруда тануды – кінәсін мойындап келу деген сөз. Дегенмен, криптовалютаның есебін ҚЕХС негізінде қарастырып кетейік.

Криптовалютаның құқықтық біліктілігін анықтау кезінде таңдау негізінен ақша, тауарлық-материалдық құндылықтар, қаржы құралдары мен материалдық емес активтер арасында болады. Алайда бұл ұғымдардың ешқайсысы тек төлем қабілеттілігі ғана емес, сонымен қатар инвестициялау функциясы бар осы цифрлық активтің мәнін толық көрсетпейді.

Криптовалютаның құқықтық біліктілігіндегі белгісіздік, салық салу мақсатында тану үшін қажет болады. Сонымен, ҚР жаңа Салық кодексінің жобасы аясында, оны қабылдау аяқталуға жақын, криптовалюта тану туралы мәселе де жауап таппады.

Бірақ, егер ҚР ағымдағы салық заңнамасын цифрлық экономикаға бейімдейтін болсақ, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (ҚЕХС) тұрғысынан криптовалюта тану әлі де бастапқы жөнелту нүктесі болып саналуы керек.

ҚР ағымдағы салық заңнамасына сәйкес, егер өзгеше белгіленбесе, салықтық есепке алу мақсатында кірістер, шығыстар, активтер мен міндеттемелер ҚЕХС сәйкес танылуға тиіс.

Өз кезегінде, ҚЕХС активтердің әртүрлі түрлерін – ақша қаражаттарын, ақшалай баламаларды, қаржы құралдарын, негізгі құралдар мен инвестициялық мүлікті, қорлар мен материалдық емес активтерді көздейді.

Аталған түрлер бойынша белгілі бір активті танудың негізгі критерийлерін ескере отырып, криптовалюта «материалдық емес актив» ретінде тану шындыққа ең жақын деп санаймыз. Барлық нұсқаларды толығырақ қарастырып көрейік.

Біздің ойымызша, «ақша қаражаты» ретінде тану мүмкін емес, өйткені криптовалюта кез-келген Үкімет шығармайды және оны қамтамасыз етпейді, ал бағамның жоғары құбылмалылығы «ақша баламасы» ретінде тану мүмкіндігін жоққа шығарады. «Қаржы құралы» да алынып тасталады, өйткені криптовалюта иесіне Шарттық құқық немесе ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активін алу міндеттемесін бермейді. Физикалық формасы болмаған соң, криптовалюта «негізгі құрал» немесе «инвестициялық мүлік» деп тануға болмайтыны анық.

Криптовалюта «қорлар» деп тануға болады, өйткені олар міндетті түрде физикалық форманы білдірмейді, бірақ криптовалюта саудасы соншалықты жиі бола бермейді, сондықтан ол компанияның әдеттегі қызметі болып саналады және нәтижесінде «қорларды» тану сынағынан өткен кезде ғана криптовалюта олардың құрамында тануға болады.

Ақырында, криптовалюта сатуға, айырбастауға немесе беруге болатын «материалдық емес активке» жатқызуды қарастырыңыз, бұл ақша қаражаты немесе қолма-қол емес актив емес және физикалық формасы жоқ. Барлық нұсқаларды ескере отырып, криптовалюта тану белгілі бір сынақ шарттарын орындау кезінде «қорлардың» бөлігі ретінде де, «материалдық емес актив» ретінде де болуы мүмкін деп болжауға болады.

ҚЕХС сәйкес криптовалюта «материалдық емес актив» ретінде тану тіркелген активті бастапқы тану шеңберінде салық міндетін жеңілдететініне қарамастан, тіркелген активтерді кейіннен есепке алу ҚР техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген сыныптамаға сәйкес қалыптастырылатын топтар бойынша жүзеге асырылатынын ұмытпаған жөн.

Бұл классификацияда (ҚР Азаматтық кодексі 12-2009) «материалдық емес актив» бөліміндегі «криптовалюта» сияқты кіші түрлер қарастырылмаған, бірақ сүйікті «басқа» немесе «басқа» жан-жақты кіші секциясы да қарастырылмаған. Басқа топтарға жатқызылмаған тіркелген активтер IV топта танылуы тиіс Алып тастау әдісін қолданған жағдайда да, бағамның жоғары құбылмалылығын ескере отырып, мұндай материалдық емес активтің пайдалы қызмет мерзімін анықтау күмәнді болып табылады, бұл салық мақсаттары үшін кейіннен тануды қиындатады. Мәселен, ағымдағы салық заңнамасына сәйкес пайдалы қызмет мерзімі белгісіз, осындай деп танылған және ҚЕХС сәйкес компанияның бухгалтерлік балансында ескерілетін материалдық емес активтер тіркелген активтерге жатпайды. Бұл корпоративтік табыс салығын есептеу үшін амортизациялық аударымдар бойынша шегерімдерді есептеуді жояды. ҚЕХС-қа сәйкес материалдық емес активті әділ құн бойынша бағалауға болатындығын ескере отырып, егер ол үшін белсенді нарық болса, бухгалтерлік есепте әділ құнның өзгеруі басқа жиынтық кірістің құрамында танылуы керек. Бұл ретте, ҚР ағымдағы салық заңнамасы бойынша мұндай өзгерісті салықтық есепке алу мақсаттары үшін елемей қажет. Бұл жағдайда салық салынатын оқиға мұндай материалдық емес актив (криптовалюта) иеліктен шығарылған кезде ғана, яғни құнның өсуі немесе осындай материалдық емес активтің шығуынан болған залал іске асырылатын сәтте пайда болады.

Мұндай өсім/шығынның мөлшерін анықтауды жоғарыда сипатталған рефлексиялар сияқты фактіден гөрі пайымдау деп санауға болады.

Шынында да, тұжырымдамалық тұрғыдан алғанда, қазіргі салық заңнамасы негізделген киттердің бірі-растайтын құжаттардың болуы.

Егер криптовалюта «виртуалдылықты» білдірсе, ағымдағы салық заңнамасы жағдайында криптовалютаның болашағы бұлыңғыр болады.

Тағы не нәрсеге назар аудару керек? Cryptocurrency немесе таңбалауыштарды жасау арқылы компаниялар инвесторларға оларды IPO (cryptocurrency бастапқы орналастыру) арқылы сатып алуды ұсынады.

ICO-ның өсуі үлкен қаржылық ағындардан басқа, мемлекеттік реттеушілердің назарын аударады. Мұндай «краудфандингке» қатысты әлемде бірыңғай ұстаным жоқ.

Мәселен, мысалы, Қытай мен Оңтүстік Корея ICO-ға тыйым салады, ал АҚШ, Сингапур және Гонконг қызметі осы елдердің заңнамасына сәйкес келмейтін компанияларға «күрес» жариялады.

Кейбір басқа елдер әзірге осы мәселені зерттеу үшін комиссиялар құрумен және қарама-қайшы мәлімдемелермен шектеледі. Криптовалютаның, блокчейннің және ICO-ның құқықтық біліктілігі заңнамаға өзгерістер енгізуді талап ететіні анық, және біз қазірдің өзінде Қазақстанның осы бағыттағы белсенді қызығушылығын байқап отырмыз. Криптовалютаға қатысты реттеу шараларын таңдау кезінде тек құқықтық біліктілік туралы ғана емес, сонымен қатар құқықтық салдарларды айқындау, мемлекетаралық ынтымақтастық мүмкіндігі туралы және тиісінше осы мәселе бойынша ұлттық құқықтық өрістен жергілікті ерекшеліктер туралы мәселе қалады деп келіспеуге болмайды.

Қорытындылай келе, бір жағынан, көптеген алданған кәсіби емес инвесторлармен қаржылық пирамидалардың пайда болуына жол берілмейтінін атап өтеміз.

Екінші жағынан, cryptocurrency және blockchain әлем экономикасын өзгертеді, бұл басқа нәрселермен қатар шағын стартаптарға идеядан іске асыруға дейін жылдамырақ жүруге мүмкіндік береді.

Бірнеше биткоин үшін ICO-дан қанша болашақ миллиардтық алыптар басталатынын кім біледі?

1. «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 24 қараша 2015 жылғы № 418- V ҚРЗ (10.09.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық технологияларды реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 347-VI ҚР
3. <sup>[3]</sup> Должны ли майнеры криптовалют платить налог? // [Электронный ресурс] - <https://www.zakon.kz/5070040-dolzhny-li-maynery-kriptovalyut-platit.html> (Дата обращения: 11.06.2021 г.)
4. <sup>[4]</sup> Бизнес в Казахстане выступил против налога на майнинг // [Электронный ресурс] - <https://www.kursiv.kz/news/otraslevye-temy/2021-05/biznes-v-kazakhstane-vystupil-protiv-naloga-na-mayning> (Дата обращения: 07.06.2021 г.);
5. Как новый налог повлияет на майнинговые фермы? // [Электронный ресурс] - <https://kapital.kz/business/95943/kak-novyy-nalog-povliyaet-na-mayningovyue-fermy.html> (Дата обращения: 08.06.2021 г.)
6. <sup>[5]</sup> В Казахстане обсуждают налогообложение майнеров // [Электронный ресурс] - <https://kapital.kz/business/96191/v-kazakhstane-obsuzhdayut-nalogooblozheniye-maynerov.html> (Дата обращения: 08.06.2021 г.)

## ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУДАҒЫ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Жартыбек Дарина Берікқызы**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы, [dzhartybek@bk.ru](mailto:dzhartybek@bk.ru)

**Ғылыми жетекші Жахметова А.Қ.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа:** Бұл мақалада, әлеуметтік аудитті жүргізудің артықшылықтары мен маңыздылығы, нәтижелі жұмыспен қамту саласындағы саясаттың әлеуметтік аудитінің халықаралық тәжірибесі сипатталады. Қазіргі таңда әлемде нарықтық экономикасы жоғары деңгейде дамыған елдерде интенсивті түрде әлеуметтік аудитті енгізу, дамыту жүзеге асуда.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды дамыту бағдарламасының нәтижелерін халықтың табысының өсуімен бағалауы қажет. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы. Бағдарламаның мақсаты: халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту.

ЭКОСАИ-дың 9-шы ассамблеясында Жоғары Аудиторлар Палатасының төрағасы тек ақшаны ғана емес, сонымен қатар Қазақстандықтардың мемлекеттік қызметтер мен көмектермен қанағаттандыру деңгейіне мониторинг жүргізу қажеттігін атап айтты.

**Түйінді сөздер:** әлеуметтік көмек, жұмыссыздық, Жоғары аудиторлар палатасы, әлеуметтік-еңбек саласы, әлеуметтік аудит, нәтижелі жұмыспен қамтуды дамыту, әлеуметтік қамтылу, Халықаралық Еңбек ұйымы.

**Аннотация:** В данной статье будут описаны преимущества и важность проведения социального аудита, международный опыт социального аудита политики в сфере продуктивной занятости. В настоящее время в мире осуществляется интенсивное внедрение, развитие социального аудита в странах с высокоразвитой рыночной экономикой.

Необходимо оценить результаты программы развития продуктивной занятости с ростом доходов населения. Государственная программа развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017 – 2021 годы "Еңбек". Цель программы: содействие продуктивной занятости населения и вовлечение граждан в предпринимательство.

На 9-й Ассамблее ЭКОСАИ председатель Высшей аудиторской палаты отметила необходимость мониторинга не только денег, но и уровня удовлетворенности казахстанцев государственными услугами и помощью.

**Ключевые слова:** социальная помощь, безработница, Высшая аудиторская палата, социально-трудовая сфера, социальный аудит, развитие продуктивной занятости, социальная обеспеченность, международная организация труда.

**Annotation:** This article will describe the advantages and importance of conducting a social audit, international experience of social audit of policies in the field of productive employment. Currently, there is an intensive implementation and development of social audit in the world in countries with highly developed market economies.

It is necessary to evaluate the results of the program for the development of productive employment with the growth of incomes of the population. The State program for the development of productive employment and mass entrepreneurship for 2017-2021 "Enbek". The purpose of the program: promotion of productive employment of the population and involvement of citizens in entrepreneurship.

At the ninth Assembly of ECOSAI, the Chairman of the Chamber of Supreme Auditors noted the need to monitor not only money, but also the level of satisfaction of Kazakhstanis with public services and assistance.



**Keywords:** social assistance, unemployment, Higher Audit Chamber, social and labor sphere, social audit, development of productive employment, social security, International labor organization.


Қазақстан Республикасының әрбір азаматаның әлеуметтік қамтылуын, халықтың өмір сүру деңгейінің тұрақты әрі жоғары болуын, мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек әсіресе, ең басты қаржыландыруды қамтамасыз етудегі ең маңызды жүйе бұл мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау болып табылады. Қазіргі таңда әлемде нарықтық экономикасы жоғары деңгейде дамыған елдерде интенсивті түрде әлеуметтік аудитті енгізу, дамыту жүзеге асуда. Бұл өз көрінісін әр түрлі елдердегі әлеуметтік аудит көмегіне жүгінетін корпорациялар, ұйымдар санының артуымен, сонымен қоса ұлттық және халықаралық деңгейдегі әлеуметтік аудиттің құқықтық базасының әзірленуі мен қалыптасуында айқын көрінеді.

Әлеуметтік аудит – кәсіпорын немесе ұйымның жалпы этикалық тиімділігін түсіну, арттыру және есеп берудегі қолданылатын механизм. Оның қызмет ету секторына байланысты қызметкерлерге, қоғамға және мүдделі тұлғаларға қаншалықты мәселелерді шешуге қосқан үлесі ретінде қарастыруға болады. Әлеуметтік аудиттің негізгі мақсаты әлеуметтік жүйенің жай-күйін сараптау және мемлекеттік саясаттың қызметін жетілдіру мақсатында мемлекеттік органдардың қызметіне консультациялық қызмет көрсету. Жалпы әлеуметтік аудитті жүргізудің тиімділігі өте жоғары. Дүниежүзілік банктың қорытындылары бойынша, елде әлеуметтік аудитті іске асыру бойынша мемлекеттік бағдарламалардың қарқындылығын өсіре отырып, кедейшілікпен қарсы күресте 60% дан 97% ға өсті, сонымен қатар кейбір елдерде әлеуметтік аудит заңнамаға айналған. Халықаралық Еңбек ұйымының кеңесі бойынша кедейшілікпен қарсы күрестегі ең маңызды фактор бұл – халықты өнімді жұмыспен қамтамасыздандыру [1].

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Азаматтардың әл-ауқаты мен олардың әлеуметтік қамтылуы әрдайым мемлекет назарында болу қажет. Ойынды сандармен аяқтап, нақты істерге көшетін уақыт келді. Көп жағдайда мемлекеттік органдар өздерінің істерін «нәтижелі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар», «бейресми жұмыспен қамту» секілді сөздермен бүркемелеуді ұнатады. Нәтижесінде көптеген адамдар жұмыссыздық пен әлеуметтік қорғаусыз «бірге-бір» қалып жатады. Бұл әлеуметтік-еңбек саласын сапалы жаңартуды талап етеді» [2].


Халықаралық практикада «әрбір нақты сәттегі нәтижелі жұмыспен қамтудың дефициті жұмыссыздар мен жұмыс істейтін кедейлердің санын қосу арқылы есептеледі».

Нәтижелі жұмыспен қамтудың дефициті = жұмыссыздар + жұмыс істейтін кедейлердің саны. Нәтижелі жұмыспен қамтуды дамыту бағдарламасының нәтижелерін халықтың табысының өсуімен бағалауы қажет. ЖІӨ өсуінің абстрактілі сандарына және Қазақстанның әлемдік рейтингтегі орны, соңғы 5 жылда дағдарыстық үдерістер байқалады. Яғни, халықтың жалпы табысындағы еңбек табыстарының үлесі 80% дан 67% ға дейін қысқаруы, әлеуметтік трансферттердің екі есеге дейін өсуі 17% дан 29%-ға дейін, әлеуметтік топтар мен өңірлердегі кірістердің азаюы ерекше алаңдатушылық туғызады. Жалпы ретроспективті талдау 10 жыл аралығында Қазақстандықтардың ақшалай табыстарының құрылымында еңбек қызметінен түсетін табыстардың төмендеуі және әлеуметтік трансферттерден түсетін табыстардың өсуі тіркелгенін көрсетеді. Мәселен, 2012-2022 жылдары халықтың еңбек табыстарының үлесі 14,3%-ға төмендегенін (2012 жылы 81,3%-дан 2022 жылы 67%-ға дейін), әлеуметтік трансферттердің үлесі, керісінше 13,7% өсті. 2022 жылы уақытша және бөлшек жұмыста – 320,9 мың адам, маусымдық жұмыста – 32,9 мың адам, кездейсоқ жұмыста – 8,5 мың адам жұмыс істеген. Жұмыспен қамтылған халықтың көбісі өз істерін сауда (16,7%), ауыл шаруашылығы (13%), білім беру (12,8%), өнеркәсіп (12,3%) секілді экономикалық қызмет түрін жүзеге асырды[3].




Сурет 1. 2012-2022 жылдардағы халықтың еңбек табыстары, әлеуметтік трансферттердің үлесі

Нәтижелі жұмыспен қамту және әлеуметтік қамтамасыздандыру мәселелері стратегиялық құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларда көрініс тапты. Мәселен, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы. Бағдарламаның мақсаты: халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және азаматтарды кәсіпкерлікке тарту. Бағдарламаны іске асыруда келесі көрсеткіштерге қол жеткізді [4].



Сурет 2. 2021 жылғы "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасының нәтижесі, өлшем бірлігі адам

Жалпы, 118 мыңнан астам адам субсидияланатын жұмыс орындарымен қамтылды. Төмендегі диаграммада көрсетілген.



Сурет 3. 2021 жылғы субсидияланатын жұмыс орынмен қамтылуы, өлшем бірлігі адам

Қазақстанның еңбек нарығы туралы Ұлттық баяндамада Еңбек ресурстарын дамыту орталығының анықтамасы бойынша, жұмыста күрделі тапсырмаларды орындайтын жоғары білім бар қызметкердің жалақысы, біліктілігі төмен жұмыскерден қарағанда жалақысы жоғары келетіні баяндады. Баяндамада мәселені ашатын бірнеше стратификация келтірілген. Атап айтсақ, Қазақстанда даяшы (орташа жалақысы – 215 мың тг) тәрбиешіден көп (104 мың тг), мектеп мұғалімі (196 мың тг) жән дәрігер (218 мың тг). Қазақстандағы дәрігердің табысы мен автокөлік жүргізушісінің жалақысы небәрі - 31% құраса, Германияда - 172%, Бразилияда – 174%, АҚШ-та – 261%. Шет елдердегі мұндай тәуелділік нарыққа жоғары білікті жұмысшыларға сұраныстың болуы туралы сигнал жібереді және неғұрлым күрделі мамандықтарды таңдауды және құзыреттерді дамытуды кәсіби мамандарды ынталандырады [5].

ЭКОСАИ-дың 9-шы ассамблеясында Жоғары Аудиторлар Палатасының төрайымы Н.Годунова тек ақшаны ғана емес, сонымен қатар Қазақстандықтардың мемлекеттік қызметтер мен көмектермен қанағаттандыру деңгейіне мониторинг жүргізу қажеттігін атап айтты. Ис-шараға барлығы 11 елдің жоғары аудиторлар палатасының төрағалары қатысқан.

Н.Годунованың айтуынша, бұл аудит түрі бағдарламалардың, ұлттық жобалардың қаншалықты тиімді екенін және тұтастай алғанда олардың ел азаматтары үшін қандай пайдасы бар екенін көрсетеді. «Біз аудит ақшаның немесе ресурстардың пайдаланылуын тексеруге бағытталғанына үйреніп қалған. Алайда, аудит объектісі адам болған кезде әлеуметтік аудит туралы айтамыз. Жалпы әлеуметтік аудит, бұл бірнеше критерийлерді қамтиды - адамның өмір сүру деңгейі қалай қанағаттандырылады, оның табысы, Денсаулық сақтау, білім беру, сумен қамтамасыз ету қаншалықты қанағаттанарлық. Бұл жұмысқа орналасудың барлық мәселелерін қамтиды Бұл кез-келген ел азаматының әл-ауқатын анықтайтын мәселелердің кең спектрі» [6]. Егер де Қазақстанда әлеуметтік аудит енгізілетін болса, ірі кәсіпорындардың қызметкерлерінде, егер ұйымның табысы өссе, сәйкесінше қызметкерлердің де жалақысы өсуі қажет деген секілді түсінік болар еді. Осылайша, үкіметке, кәсіпорын басшылығына деген наразылық пен шағымдарда аз болатын еді. Жұмыскерлердің әлеуметтік мұқтаждықтары, кәсіпорындағы жұмыс жағдайы, қолайлығы және т.б. мәселелерді әлеуметтік аудитте қамтиды. Әлеуметтік аудиттің негізгі мақсаты қазіргі заманғы табысты және тұрақты компанияларда қабылданған корпоративтік есептілік түрінде компанияның әлеуметтік жауапкершілік дәрежесін тәуелсіз бағалау болып табылады. Осындай корпоративтік есептілікті алғаннан кейін компания мемлекеттік және өңірлік билік органдарына, қоғамға және қызметкерлерге компания өзінің жұмыс істеу аймағында әлеуметтік-қоғамдық өмір сүру жағдайларын

жақсарту үшін әлеуметтік жауапты субъект ретінде жүзеге асыратын күш-жігер туралы хабарлай алады.

4-кесте

Әлеуметтік аудиттің жүйелік-құрылымдық моделі

Әлеуметтік аудиттің жүйелік-құрылымдық моделі	
Субъектісі	Әлеуметтік аудитке тапсырыс берушілер (мемлекеттік билік органдары, саяси партиялар, Қоғамдық ұйымдар және басқа да азаматтық қоғам институттары, коммерциялық, коммерциялық емес ұйымдар) және орындаушылар
Объектісі	мемлекеттік билік органдарының әртүрлі салаларында мемлекеттік саясатты әзірлеу және іске асыру жөніндегі қызметі болып табылады.
Принциптері	еріктілік, ұсынымдық, әлеуметтік аудиторлардың сипаты, тапсырыс берушілерден тәуелсіздігі, әлеуметтік аудит нәтижелерінің ашықтығы, аудиторлардың кәсібилігі, әлеуметтік аудит нәтижелерінің дұрыстығы.
Мақсаты	әлеуметтік жүйенің жай-күйін сараптау және мемлекеттік саясаттың қызметін жетілдіру мақсатында мемлекеттік органдардың қызметіне консультациялық қызмет көрсету
Функциялары	диагностикалық, бағалау, кері байланыс, ынталандыру, түзету, реттеу.
Құралдары	танымдық (зерттеу қызметінің әдістері) және пәндік (компьютерлер, кеңсе техникасы, канцелярия)
Әдістері	1) теориялық: сипаттама, талдау, синтез, модельдеу, өлшеу, салыстыру, жіктеу, типология; 2) эмпирикалық: ресми құжаттарды талдау, халыққа әлеуметтік сауалнама, фокус-топ, сараптамалық әдістер, эвристикалық әдістер, статистикалық көрсеткіштерді талдау.
Нәтижелері	әлеуметтік диагностика нәтижелері, билік органдары қызметінің әлеуметтік тиімділігін бағалау нәтижелері, мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша практикалық ұсыныстар немесе енгізуге дайын басқару технологиялары.

Қорытындылай келе, нәтижелі жұмыспен қамтудың мемлекеттік саясаты саласындағы әлеуметтік аудиттің ерекшеліктерін әдістеме мен қолдану тұрғысынан сипаттай отырып, әлеуметтік аудит элементтерін мемлекеттік сыртқы аудит тәжірибесіне интеграциялаудың халықаралық тәжірибесі Қазақстан үшін қызығушылық тудырады. Аудиттің бұл түрін сапалы және жан-жақты түрде жүргізу экономикасы тұрақталған, дамыған елдерде ғана қолданылатын қалыптасқан тәжірибе емес, сонымен қатар әлеуметтік шиеленістің бар ошақтарын алып тастаудың және халықтың билікке деген сенімін арттырудың тиімді тетігі болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1) Социальный аудит: учебное пособие / Под общ. редакцией д.э.н., проф. А.А. Шулса, д.э.н. Ю.Н. Попова. – М.: Издательский дом «АТИСО». – 2008. – С.230
- 2) Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электрондық ресурс]. URL: // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalik-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>
- 3) Национальный доклад «Рынок труда Казахстана: развитие в условиях новой реальности», 2021 г. [Электрондық ресурс]. URL: // <https://iac.enbek.kz/ru/node/1179>
- 4) Әділет заң порталы. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысы.  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017812>

5) He L., Yang R., He, Y. Does social exchange relationship impair audit committee effectiveness? // J Manag Gov. – 2018. – Vol. 22. – PP. 219-249. [Электрондық ресурс]. URL: // <https://doi.org/10.1007/s10997-017-9385-5>

6) ЭКОСАИ 9-я ассамблея выступление Н.Н.Годунова [Электрондық ресурс]. URL: // <https://24.kz/ru/news/economy/item/561141-sotsialnyj-audit-poyavitsya-v-kazakhstane>


Следующие изменения могут произойти в результате цифровизации финансовой системы:

### 1. Внедрение электронной платежной системы:

Одним из первых шагов в цифровизации финансовой системы может быть внедрение электронной платежной системы, которая позволит людям осуществлять электронные транзакции через мобильные приложения или веб-платформы. Это будет способствовать удобству и скорости проведения платежей, а также снижению затрат и рисков, связанных с



использованием наличных денег.

#### 2. Развитие цифрового банкинга:

Цифровизация финансовой системы также может привести к росту числа цифровых банковских услуг. Люди смогут открывать и управлять своими счетами через мобильные приложения, получать доступ к онлайн-кредитам и инвестиционным продуктам, а также принимать участие в цифровых платежах и переводах.

#### 3. Внедрение блок-чейн технологий:

Блок-чейн технологии могут значительно изменить финансовую систему Республики Казахстан. Блок-чейн платформы могут использоваться для улучшения безопасности и прозрачности финансовых транзакций, снижения затрат на проведение операций и упрощения процессов проверки личности и идентификации клиентов.

#### 4. Рост финансово-технические инноваций:

Цифровизация финансовой системы может стимулировать развитие финтех-компаний, которые предлагают новые технологические решения и инновационные финансовые продукты. Это может включать в себя различные сервисы, такие как интернет-советники для инвестирования, платежные системы на основе искусственного интеллекта и автоматизированные кредитные решения.

#### 5. Улучшение финансовой грамотности:

Цифровизация финансовой системы также может содействовать повышению финансовой грамотности населения. Мобильные приложения и онлайн-ресурсы могут предоставлять людям информацию о финансовых услугах, инвестировании и управлении личными финансами [2].

В Республике Казахстан существуют несколько современных тенденций в области учета и аудита, которые направлены на обеспечение финансового качества жизни населения. Некоторые из них включают следующее:

#### 1. Учет и аудит социальных программ:

В последние годы Республика Казахстан активно осваивает систему учета и аудита социальных программ, таких как пенсионные и социальные выплаты, субсидии и другие формы государственной поддержки населения. Это позволяет более точно определить эффективность данных программ и обеспечить их справедливое распределение среди населения.

#### 2. Применение информационных технологий в учете и аудите:

С учетом быстрого развития информационных технологий, в Республике Казахстан все больше внедряются автоматизированные системы учета и аудита. Это сокращает временные и ресурсные затраты и значительно увеличивает точность и достоверность финансовой информации.

#### 3. Развитие профессионального сообщества в области учета и аудита:

В Республике Казахстан существует активное развитие профессионального сообщества учетных и аудиторских ассоциаций. Это способствует повышению качества учетных и аудиторских услуг, а также улучшению профессиональных навыков специалистов.

#### 4. Повышение прозрачности финансового учета и аудита:

В рамках усиления борьбы с коррупцией и финансовым мошенничеством в Республике Казахстан проводятся реформы, направленные на повышение прозрачности финансового учета и аудита. Это включает введение новых стандартов и процессов, а также усиление контроля и наказания за нарушения [3].

В целом, современные тенденции в области учета и аудита в Республике Казахстан направлены на повышение эффективности и добросовестности управления финансами, а также на обеспечение справедливого распределения ресурсов для обеспечения финансового качества жизни населения.

Цифровизация финансовой системы Республики Казахстан может принести множество пользы, включая увеличение доступности финансовых услуг для населения,

повышение эффективности и прозрачности финансовых операций, снижение затрат и рисков, а также стимулирование инноваций и развитие финансово-технического сектора. Однако побочные эффекты, такие как рост киберпреступности и угрозы кибербезопасности, также нужно учитывать и принять соответственно.

В условиях обеспечения стабильности национальной валюты наблюдаются такие новые тенденции в управлении как:

1. Укрепление монетарной политики:

Центральные банки стремятся укрепить монетарную политику, чтобы обеспечить стабильность национальной валюты. Это может быть достигнуто путем контроля над инфляцией, установления оптимального процентного курса и принятия соответствующих мер по обеспечению финансовой стабильности.

2. Развитие финансового регулирования:

В условиях стабильности национальной валюты осуществляется развитие финансового регулирования. Центральные банки и финансовые учреждения стремятся создать эффективные механизмы и инструменты для контроля за денежно-кредитной политикой и банковской системой страны.

3. Повышение прозрачности и открытости:

В условиях стабильности национальной валюты все большее внимание уделяется прозрачности и открытости в органах управления и регулирования финансовой системы. Это позволяет обеспечить доверие со стороны инвесторов и участников рынка и способствовать устойчивости валютного рынка.

4. Развитие цифровых технологий:

С развитием цифровых технологий появляются новые возможности для управления валютой. Это может включать использование цифровых валют или технологий блок-чейн для обеспечения безопасности и эффективности операций с валютой.

5. Укрепление международного сотрудничества:

В условиях стабильности национальной валюты все большее значение приобретает международное сотрудничество. Страны могут обмениваться опытом и лучшими практиками в области управления валютой, сотрудничать в решении общих проблем и координировать свои монетарные политики.

Эти новые тенденции в управлении в условиях обеспечения стабильности национальной валюты помогают создать устойчивую финансовую систему и способствуют развитию экономики страны [4].

В заключение, стабильность национальной валюты играет важную роль в обеспечении финансовой безопасности государства.

### Список литературы

1. Национальный Банк РК. Проблемы и перспективы обеспечения устойчивости национальной валюты в РК. <https://kazedu.com/referat/126091/6>
2. Жаппасовна Раушан Еркиновна. Устойчивость национальной валюты в контексте обеспечения экономической безопасности. <https://uchebana5.ru/cont/2231994.html>
3. Жумагулова Алия Кайрушевна. Преимущества цифровых технологий в развитии финансового сектора республики казахстан. <https://cyberleninka.ru/article/n/preimuschestva-tsifrovyyh-tehnologiy-v-razvitii-finansovogo-sektora-respubliki-kazahstan>
4. Указ Президента Республики Казахстан от 3 сентября 2013 года № 634. Об утверждении концепции внедрения государственного аудита в Республике Казахстан. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1300000634>
5. Указ Президента Республики Казахстан от 26 сентября 2022 года № 1021. Об утверждении концепции развития финансового сектора Республики Казахстан до 2030 года. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200001021>

## ИНКЛЮЗИВТІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Сапиолдаева Б.Қ.

Ғылыми жетекші – Хасенова К.К., э.ғ.к., доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,  
[balim.kairatova@gmail.com](mailto:balim.kairatova@gmail.com)

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстандағы қазіргі инклюзивті экономикалық даму жағдайындағы ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз етумен байланысты басқарудағы басым бағыт ретінде қаржылық сауаттылық қарастырылған. 2020-2022 жылдар бойынша қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жүргізген әлеуметтік зерттеу нәтижелері көрсетілген. Зерттеу нәтижелерінің қортындысы бойынша Қазақстанда әлі де меншікті қаражатты басқару және қаржылық алаяқтыққа бой алдыру бойынша мәселелердің өзектілігі байқалған және оған дәлел ретінде 2018-2022 жылдардағы несиелік көлемі мен 2020-2022 жылдардағы халықтың несиелік жүктемесі талданған. Мәселені шешуде шетелдік тәжірибелерді қолдану, яғни қаржылық сауаттылықты білім беру бағдарламасына енгізу бойынша ұсыныстар жасалған.

**Түйінді сөздер:** инклюзивті экономика, валюта тұрақтылығы, қаржылық сауаттылық, тұтынушылық несиелік, несиелік жүктеме.

**Аннотация.** В статье финансовая грамотность рассматривается как приоритетное направление в управлении, связанное с обеспечением стабильности национальной валюты в условиях современного инклюзивного экономического развития Казахстана. Представлены результаты социологического исследования, проведенного агентством по регулированию и развитию финансового рынка за 2020-2022 годы. По итогам проведенного исследования, в Казахстане по-прежнему наблюдается актуальность вопросов по управлению собственными средствами и подверженности финансовому мошенничеству, и в качестве доказательства проанализированы объемы кредитования в 2018-2022 годах и кредитная нагрузка населения в 2020-2022 годах. Разработаны рекомендации по применению зарубежного опыта в решении проблемы, т. е. по включению финансовой грамотности в образовательную программу.

**Ключевые слова:** инклюзивная экономика, валютная стабильность, финансовая грамотность, потребительский кредит, кредитная нагрузка

**Abstract.** The article considers financial literacy as a priority direction in management related to ensuring the stability of the national currency in the conditions of modern inclusive economic development of Kazakhstan. The results of a sociological study conducted by the Agency for Regulation and Development of the Financial Market for 2020-2022 are presented. According to the results of the study, Kazakhstan continues to see the relevance of issues related to the management of its own funds and exposure to financial fraud, and as evidence, the volume of lending in 2018-2022 and the credit burden of the population in 2020-2022 are analyzed. Recommendations have been developed on the application of foreign experience in solving the problem, i.e. on the inclusion of financial literacy in the educational program.

**Key words:** inclusive economy, currency stability, financial literacy, consumer credit, credit load

Инклюзивті экономика – құндылықтарды бөлудің әділ және тең жүйесін құруды көздейтін экономикалық тұжырымдама. Бұл тұжырымдама әлемде соңғы 10 жылда өзекті тақырыптардың біріне айналды. Қазақстанда инклюзивті экономика концепциясына 2020 жылдан бастап ерекше көңіл бөліне басталды.

Инклюзивті экономиканың негізгі мақсаты - әр адамның білім беру, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік және қаржылық тәуелсіздік саласында тең мүмкіндіктері бар экономикалық жүйені құру

Инклюзивті экономикалық даму мен ұлттық валюта тұрақтылығы бір-бірімен тығыз байланысты:

Валютаның тұрақтылығының инклюзивті экономикалық дамуға әсері	Инклюзивті экономикалық даму валютаның тұрақтылығына әсері
<p>- Инфляцияны төмендету: тұрақты валюта инфляцияны ұстап тұруға көмектеседі. Инфляция жоғары болған кезде өмір сүру құны артады, бұл халықтың кедей және осал топтарына теріс әсер етеді. Тұрақты валюта бағаның өсуін тежеуге көмектеседі және халықтың сатып алу қабілетін қолдайды.</p> <p>- Инвестициялық ахуалды жақсарту: валютаның тұрақтылығы елді шетелдік инвесторлар үшін тартымды етеді, бұл инвестициялардың өсуіне және жұмыс орындарының құрылуына әкелуі мүмкін.</p> <p>- Қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейту: тұрақты валюта қаржы секторының дамуына және халықтың барлық топтары үшін қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейтуге ықпал етуі мүмкін.</p>	<p>- Тұрақты экономикалық өсу: инклюзивті даму халықтың барлық топтарының экономикалық процеске қатысуы үшін жағдай жасауды білдіреді. Бұл өсу, өз кезегінде, валютаның тұрақтылығына ықпал етуі мүмкін.</p> <p>- Өмір сүру сапасын арттыру: инклюзивті даму сонымен қатар өмір сүру сапасын арттыруға және ел халқының барлық топтарының мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл әлеуметтік тұрақтылықтың жақсаруына, демек, валютаның тұрақтылығына әкелуі мүмкін.</p>

Кесте – 1. Ескерту – автормен құрастырылған.

Дүниежүзілік банктің 2023 жылы жасалған жаңа талдауында Қазақстанға инклюзивті және тұрақты өсуге қол жеткізу үшін мемлекеттік қаржыны нығайту қажет екендігі аталып өтті. Бұдан инклюзивті экономиканың дамуы жағдайында ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз етумен байланысты басқарудағы өзекті бағыттардың бірі қаржы нарығы, соның ішінде қаржылық сауаттылықты ерекше қарастырып өтуге болады. Себебі қазір халықтың қаржылық білімін арттыру - қаржылық тұрақтылық пен қоғамдық әл-ауқатты қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады.

Қаржылық сауаттылық дегеніміз:

- 1) Қаржылық қызметтер мен құралдарды пайдалана білу;
- 2) Меншікті қаржы қаражатын басқару дағдылары;
- 3) Халықтың қаржы жүйесі, оның жұмыс істеу қағидаттары, сондай-ақ қаржы қызметтері саласындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы хабардар болу деңгейі.[1]

Халықтың қаржылық сауаттылық деңгейі ұлттық валютаның тұрақтылығына бірнеше жолмен әсер етуі мүмкін:


- Жеке қаржыны басқару: қаржылық сауатты адамдар өз ақшаларын жақсы басқарады. Нәтижесінде адамдар жинақтау, инвестициялау және шығындар туралы неғұрлым негізделген шешімдер қабылдай алады, бұл қаржылық дағдарыстардың ықтималдығын азайтуы мүмкін.

- Экономикалық процестерді түсіну: қаржылық сауатты адамдар инфляция және дефляция сияқты экономикалық процестерді және олардың ұлттық валютаның сатып алу қабілетіне қалай әсер ететінін жақсы түсінеді. Бұл оларға ақшаларын қашан және қалай пайдалану керектігі туралы дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі.

- Қаржы жүйесіне қатысу: қаржылық сауатты адамдар қаржы жүйесіне белсенді қатысады. Мысалы банктік шоттар ашу, бағалы қағаздарға инвестициялау немесе сақтандыру полистерін сатып алу. Бұл қаржы жүйесінің тұрақтылығына ықпал ете алады.

- Алаяқтық қауіпін азайту: қаржылық сауатты адамдар қаржылық алаяқтық белгілерін жақсы тани алады және оларға қатысудан аулақ болады. Бұл қаражаттың жоғалуын болдырмауға және ұлттық валютаның тұрақтылығын сақтауға көмектеседі.

Қазақстан халқының қаржылық сауаттылық деңгейіне шолу жасайтын болсақ:



Сурет 1 – Қазақстандағы қаржылық сауаттылық деңгейі. Ескерту – сурет [2] деректер негізінде автормен құрастырылған.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жүргізген әлеуметтік зерттеу нәтижелерінен көріп тұрғанымыздай, Қазақстан халқының қаржылық сауаттылық деңгейі 2020 жылы 39,07 %-ды, 2021 жылы 39,52 %-ды, 2022 жылы 40,20 %-ды құрады. Агенттік қаржылық сауаттылық деңгейін 2020 жылдан бастап 3 негізгі компонент бойынша өлшейді: меншікті қаржы қаражатын басқару, қаржылық қызметтерді пайдалану мүмкіндігі және қаржы жүйесі туралы хабардар болу. 2022 жылдан бастап зерттеуге «қаржылық алаяқтық» және «мүгедектердің қаржылық сауаттылығы» тақырыптары бойынша компоненттер қосылған болатын. 2022 жылы зерттеуге қатысқан респонденттер саны 2550 адамды құраған. Олар еліміздің барлық өңірлері мен республикалық маңызы бар қалалардан қатысқан.

Зерттеу нәтижелеріне тоқталатын болсақ:

1. Меншікті қаржыны басқару бойынша: Сауалнама бойынша 30 жастан асқан респонденттер қаржылық менеджмент дағдыларына көбірек ие. Себебі олар барлық шоттарды уақытында төлейді (48,6%), сатып алу қабілеттерін өлшейді (46,2%) және кірістер мен шығындарды мұқият бақылайды (43,8%). Алайда, жас және аға буын респонденттері өздерінің шығындары кірістерден асып түсетіндігімен келіседі (сәйкесінше 12,9% және 15,5%)

2. Қаржылық қызметтерді пайдалану мүмкіндігі бойынша: Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі несие мен депозиттің не екенін жақсы біледі. Сауалнама 18-29 жас аралығындағы халық арасында қаржы-несие ұйымдарының қызметтері туралы үлкен хабардарлықты көрсетті. Өкінішке орай, респонденттердің көпшілігі сақтандыру, инвестициялау және бағалы қағаздар нарығы туралы хабардарлығы аз.


3. Қаржы жүйесі туралы хабардар болу бойынша: Жалпы, халық қаржы ұйымдары тарапынан құқықтардың бұзылуы анықталған кезде қандай органдарға жүгіну туралы: ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментіне (29,5%), заңгерлерге (29,1%), ҮЕҰ-ға (25,3%).

4. Қаржылық алаяқтық бойынша: Респонденттердің жартысынан көбі қаржылық алаяқтықпен кездескен (55,8%). Көбінесе бұл телефондық алаяқтық (34,2%) және интернеттегі алаяқтық (32,7%). Сауалнамаға қатысқандардың 21,6% – ы қаржылық

пирамидаларға тап болған, ал 11,5% - ы төлем карталарының алаяқтарына ұшыраған. Алаяқтардың айла-амалдарына берілу көбінесе аға буынға қауіп төндіреді, өйткені сауалнамаға қатысқандардың 50,7% - ы (63 жастан жоғары) алаяқтыққа ұшыраған. Алаяқтыққа тап болған жағдайларда не істеу керектігі туралы азаматтардың хабардарлық деңгейі: респонденттер көбінесе интернеттен ақпарат іздейді (37,9%) немесе құқық бұзушымен одан әрі байланысты үзеді (29,8%). Бұл ретте құқық қорғау органдарына көмек сұрап жүгінудің төмен деңгейі (3,1%) қылмыскерлерді әшкерелеу мүмкіндігінің болмауы тәуекелдерін жоғарылатады.


5. Мүгедектігі бар адамдардың қаржылық сауаттылығы бойынша: Респонденттер (66,6%-ы) қаржы мекемелеріне физикалық қолжетімділік деңгейін орташа бағалайды – оны «5» - тен «3» баллға бағалайды. Негізгі мәселелер: пандустардың болмауы (35,5%), сурдоаудармашылардың болмауы (26,9%), қызметкерлер тарапынан тиісінше назар аудармау (40,2%).

Зерттеу нәтижесінің қортындысы бойынша Қазақстанда әлі де меншікті қаражатты басқару және қаржылық алаяқтыққа бой алдыру бойынша мәселелердің өзектілігін көруге болады. Меншікті қаражатты дұрыс басқара алмау қазіргі таңда тұтынушылық несиелік көлемін арттыруда:



Сурет 3 – ҚР ЖТ несиелік көлемі, млрд тг. Ескерту – [3] мәліметтер негізінде автормен құрастырылған.

Несилелудің негізгі өсімі тұтынушылық несиелердің 10 жыл ішінде 5 еседен астам өсуімен қамтамасыз етілуде. Бұның басты себептерінің себебі – несиелік қол жетімділік. Қазірде адамдарға несиелік карталарды пайдалану оңайырақ және қол жетімді болды. Соның нәтижесінде күннен күнге халықтың несиелік жүктемесі артауда:



Сурет 4 – ҚР халқының несиелік жүктемесі. Ескерту – [4] мәліметтер негізінде автормен құрастырылған.

Осы мәселелерді шешуде шетелдік тәжірибелерді қарастыруды ұсынамыз. Американы алып қарастыртын болсақ, «қаржылық сауаттылық» бағдарламасын ерекше атап өтсе болады. Ондағы қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру 5 жастан

басталады және жалпы білім беретін мектептерді бітіргенге дейін жалғасады. Бұл жас азаматтарға одан әрі білімі мен таңдаған кәсібiне қарамастан қаржы саласындағы барлық қажетті базалық білім мен дағдыларды кепілге қоюға мүмкіндік береді. Бағдарламаға сәйкес қаржылық сауаттылық мынадай негізгі деңгейлер бойынша қалыптастырылады:

К-01: балабақша және бастауыш мектеп;

К-04: 2-4 сыныптар;

К-08: 5 - 8 сыныптар;

К-12: 9-12 сыныптар.

Ал қаржылық сауаттылықтың негізі қаланған Франциядағы экономиканы міндетті түрде зерттеу 11-15 жас аралығындағы балалар оқитын колледждерден басталады. Лицейлердің жоғары сыныптарында (15 жастан кейін) қаржылық сауаттылық мәселесі «экономика және әлеуметтік ғылымдар» пәні аясында тереңірек зерттеледі. [4]

Әлемнің көптеген елдерінде оқу орындарында оқытылатын пәндер шеңберінде қаржылық сауаттылықты енгізуге белсенді әрекет жасалуда.

Қазір елімізде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №338 қаулысымен «2020-2024 жылдарға арналған қаржылық сауаттылықты арттыру» тұжырымдамасы бекітілген болатын. Бұл тұжырымдама азаматтарда жеке қаржыға қатысты шешімдер қабылдау кезінде ұтымды қаржылық мінез-құлықты қалыптастыруға, инвесторлар мен қаржылық қызметтерді тұтынушылар ретінде олардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Осы тұжырымдама шеңберінде мынадай бастамалар көтерілген болатын:

- Интернет-ресурстарды жаңарту: қаржылық сауаттылық бойынша мамандандырылған интернет-ресурстарды ақпараттық толықтыру және жаңарту жүргізу.

- Білім беру материалдарын әзірлеу: білім беру материалдары әзірленуде және мобильді құрылғыларға арналған арнайы қосымшаға қолдау көрсетіледі.

- Білім беру жүйесіне енгізу: орта білім беру жүйесінде қаржылық білім негіздеріне оқыту курстары қарастырылған.

- Әлеуметтік зерттеу: қаржылық сауаттылық деңгейін өлшеу үшін әлеуметтік зерттеулер жүргізілуде.

Қорытындылай келе, егерде осы қолға алынған бастамалар бойынша нақты шаралар қолға алынатын болса, халқымыздың қаржылық сауаттылығы артып, нәтижесінде қаржы нарығындағы өзекті несиелік ауыртпашылық, қаржылық тұрақсыздық, т.б мәселелерін шешімін табар еді. Бұл өз кезегінде ұлттық валютамыздың тұрақтылығын қамтамасыз етуде оң әсерін тигізетіндігіне сенімдімін.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі сайты. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/documents/details/69344?lang=ru&ysclid=lo8vzcxtat902333313>
2. Медиа портал FinGramota.kz. URL: <https://fingramota.kz/ru/news/post/za-tri-goda-uroven-finansovoj-gramotnosti-v-kazahstane-vyros-s-39-do-402>
3. [Электрондық ресурсы]. URL: <https://jusan.kz/analytics/research/obzor-bankovskogo-sektora-kazahstana-2012-2022?ysclid=lo8xwmrocn410641731>
4. [Электрондық ресурсы]. URL: <https://studbooks.net/1948257/pedagogika/zarubezhnyy-opyt-povysheniya-finansovoy-gramotnosti-naseleniya>

## ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ

Салық Алуа Маратқызы

Астана қ. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
[Alua.salyk@bk.ru](mailto:Alua.salyk@bk.ru)

**Аңдатпа.** Бұл мақаланың мақсаты ел экономикасындағы валютаның қолданыс аясын анықтау, валюта тұрақтылығын қамтамасыз етудің жаңа үрдістерін қалыптастыру болып табылады. Бұл мақалада қазіргі елде қалыптасқан жағдай негізінде валюта нарығының тәуекелдерін анықтау, ұлттық валюта теңге қолданысына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою; ұлттық валюта теңгені төлем құралы ретінде халықаралық жүйеде дамыту, валютаның қолданыс аясын кеңейту арқылы, айырбас құралы ретіндегі рөлін айқындау арқылы ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселесі талқыланады.

Мақаланың әдістемелік негізі ғылыми әдебиеттер мен мақалаларды талдауда қолданылған жалпылау және топтастыру әдістері болды. Сауалнама, талдау және синтез нәтижесінде қазақстандық ұйымдардың тиімділігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосу арқылы ұлттық валютаның тұрақтылығына әсер етуі мүмкін құндылықтардың, жолдарының өзгеруі анықталды.

**Түйінді сөздер:** ұлттық валютаның тұрақтылығы, пандемия кезіндегі валюта айналымы, орталық банк, халықаралық банк жүйесі, басқарудағы тенденциялар.

**Аннотация.** Целью данной статьи является определение сферы применения валюты в экономике страны, формирование новых тенденций обеспечения валютной стабильности. В данной статье на основе сложившейся ситуации в современной стране выявляются риски валютного рынка, выявляются обстоятельства и причины, способствующие использованию национальной валюты тенге, и устраняются их последствия; национальная валюта использует тенге в качестве платежного средства. Обсуждается вопрос обеспечения стабильности национальной валюты через развитие системы, расширение сферы применения валюты, определение ее роли как средства обмена.

Методической основой статьи стали методы обобщения и группировки, использованные при анализе научной литературы и статей. В результате анкетирования, анализа и синтеза выявлены изменения ценностей, путей, которые могут повлиять на стабильность национальной валюты путем существенного вклада в обеспечение эффективности казахстанских организаций.

**Ключевые слова:** стабильность национальной валюты, валютный оборот в период пандемии, Центральный банк, международная банковская система, тенденции в управлении.

**Abstract.** The purpose of this article is to determine the scope of the currency in the country's economy, to form new trends in ensuring currency stability. In this article, on the basis of the current situation in the country, identify the risks of the foreign exchange market, identify the conditions and reasons that contribute to the use of the national currency tenge and eliminate their consequences; identify the national currency tenge as a means of payment. The issues of ensuring the stability of the national currency by developing the system, expanding the scope of the currency, determining its role as a medium of exchange are discussed.

The methodological basis of the article was the methods of generalization and grouping used in the analysis of scientific literature and articles. As a result of the survey, analysis and synthesis, changes in values, ways that can affect the stability of the national currency by making a significant contribution to ensuring the effectiveness of Kazakhstani organizations were



identified.

Key words: stability of the national currency, currency turnover during a pandemic, central bank, international banking system, trends in management.

Қазақстандық теңге валютасының тұрақтылығы көптеген жылдар бойы Қазақстан Үкіметінің негізгі саяси мақсаты болды. Ел 1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауынан бастап валюталық тұрақсыздықтың ұзақ тарихына ие. Алайда, соңғы жылдары теңге бірқатар факторлардың арқасында тұрақты бола бастады, соның ішінде:

-Басқарылатын өзгермелі айырбас бағамының режимі: Қазақстан Ұлттық Банкі (ҰБК) теңгенің айырбас бағамын өзгермелі дәліз режимінің көмегімен басқарады. Бұл теңгенің АҚШ долларына қатысты белгілі бір диапазон шегінде ауытқуға рұқсат етілгенін білдіреді, бірақ егер валюта осы диапазоннан тыс болса, ҰБК теңгені сатып алуға немесе сатуға араласуы мүмкін.

-Күшті валюталық резервтер: Қазақстан қажет болған жағдайда теңгені қорғау үшін пайдалана алатын валюталық резервтердің едәуір көлемін жинақтады.

-Әртараптандырылған экономика:Қазақстан мұнайдың экспортына бұрынғыдай тәуелді емес, бұл экономиканы мұнай нарығындағы күйзелістерге төзімді етті.

Осы оң өзгерістерге қарамастан, теңге бірқатар тәуекелдерге осал болып қала береді, соның ішінде:

-Мұнай бағасы: теңге бағамы мұнай бағасымен тығыз байланысты, өйткені Мұнай Қазақстан экспортының негізгі нысанасы болып табылады. Мұнай бағасының күрт төмендеуі теңгеге төмен қысым көрсетуі мүмкін.

-Жаһандық экономикалық жағдайлар: Қазақстан ашық экономика болып табылады, сондықтан ол әлемдік экономикадағы сілкіністерге осал. Жаһандық рецессия қазақстандық экспортқа сұраныстың төмендеуіне әкелуі мүмкін, бұл теңгеге төмен қысым көрсетуі мүмкін.

-Геосаяси тәуекелдер: Қазақстан тұрақсыз өңірде орналасқан және геосаяси тәуекелдер инвесторлардың сенімінің төмендеуіне және капиталдың кетуіне әкелуі мүмкін, бұл теңгеге төмен қысым көрсетуі мүмкін.

Жалпы, қазақстандық теңгенің тұрақтылығы соңғы жылдары жақсарды, бірақ валюта бірқатар тәуекелдерге осал болып қала береді

1. Пандемия кезеңіндегі қолма-қол ақшаның жағдайы.

Пандемия басталғалы әлемде қағаз ақшаға қатысты «коронавирус инфекциясын тасымалдаушы» деген көзқарас пайда болды. Осы ретте қолма-қол ақша пайдалану көлемі едәуір азаюы мүмкін бе деген заңды сұрақ туындайды.

Бүгінде тұрғындар арасында цифрлы банкингті пайдалану қатары артқан. Алайда, бұл айналымдағы банкноттар саны азайды деген сөз емес. Bloomberg жариялаған зерттеуге сәйкес, пандемия электронды коммерцияның немесе инфекциядан сақтану нәтижесінде қағаз ақша қолданысын азайтып жіберген жоқ. Керісінше, адамдар коронавирустың өршуі кезінде қолма-қол ақшаны жинап алған.

Англия банкінің бұрынғы бас кеңесшісі Чарльз Гудхарт пен Джонатан Эшворт (министр) келтірген мәліметтер бойынша, АҚШ, Канада, Италия, Испания, Германия, Франция, Аустралия, Бразилия және Ресей елдеріндегі айналыстағы банкноттар саны айтарлықтай өскен.

АҚШ президенті Дональд Трамптың экономикалық кеңесшісі Гари Кон коронавирус қолма-қол ақшаның жойылуын тездетеді деп есептейді.

HSBC Holdings Plc банкінің сәуір айындағы зерттеу есебінде қолма-қол ақшаны пайдалу көрсеткішінің төмендеуі бұрыннан бар үрдіс екенін, коронавирус тек бұл жағдайды тездете түскенін айтады.

Аустралияның Орталық банк менеджерінің көмекшісі Мишель Буллок өткен айдағы мәлідемесінде қолма-қол ақшаның маңыздылығы болғанымен, COVID-19 пандемиясы оның «түбіне жететінін» айтқан. Сәуір айында Аустралиядағы банкоматтардан қолма-қол

ақша алу алдыңғы аймен салыстырғанда 30%-ға төмендеген.

Кейбір сарапшылар қолма-қол ақшадан бас тарту жаһандық экономиканың тиімді болуына көмектеседі деп мәлімдегенімен, бұл өзгеріс банк жүйесіне қол жеткізе алмайтын адамдарға айтарлықтай зиян тигізетінін айтады. Сондай-ақ сандық технологияларға көшу шығыны тым қымбатқа түседі деп санайтын шағын кәсіпорындар үшін проблема туғызады.

2 Қазақстан электрондық ұлттық валютаға көшуге дайын ба?

Қазақстанда электрондық ұлттық валюта енгізу туралы шешім әлі қабылданған жоқ. Алайда, электрондық теңге әзірлеу мәселесі бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл туралы ведомство Azattyq Rýhy тілшісіне берген жауабында айтты.

Ұлттық цифрлық валютаны құру – ақша-кредит саясатына әсерін алдын ала зерделеуді, технологияны таңдау мен тестілеуді, цифрлық валютаны кеңінен қабылдау инфрақұрылымын құруды, оны пайдалануды заңнамалық қамтамасыз етуді және т. б. талап ететін ауқымды мәселе. Мұндай жобаның құны да белгісіз. Алайда, Ұлттық банк орта мерзімді кезеңде Қазақстанда цифрлық валютаны енгізудің орындылығы мәселесін пысықтауды жоспарлап отыр. Бұл әртүрлі факторлар мен ықтимал тәуекелдерді ескере отырып пысықталуы тиіс [1].

Ұлттық цифрлық валютаның нақты сипаттамалары (операциялық модель, технологиялық платформа және т.б.) оны шығару мақсаттарына және оған қойылатын талаптарға байланысты [2].

Ведомствода атап өткендей, цифрлық валютаның теңгеге қатысты бағамы тең бағамен болжанады (1:1). Сонымен қатар, кейбір шетелдік орталық банктер сандық валютаға пайыздарды есептеу мәселесін қосымша қарастыруда.

IACA халықаралық валюта қауымдастығының мәліметінше, қолма-қол ақшасыз төлем үлесінің ұлғаюына қарамастан, алдағы 10-15 жыл ішінде әлемнің көп бөлігі үшін қолма-қол ақша негізгі төлем әдісі болып қала бермек.

Еуропа орталық банкінің хабарлауынша, Еуроаймақтағы тұтынушылық транзакциялардың шамамен 75%-ы қолма-қол ақша арқылы, атап айтқанда, 55 жастан асқан азаматтар арасында жүзеге асырылады. Қолма-қол ақша операцияларын жүргізу банк шоты жоқ қаржылық осал азаматтар үшін өте маңызды [3].

3 Ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету жағдайында басқарудың жаңа тенденциялары.

Жалпы Қазақстан нарығындағы ұлттық валюта, несие саласын зерттей келе, мынадай тұжырымдама жасауға болады. Ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету жағдайында басқарудың жаңа тенденциялары мыналарға бағытталған:

-Ашықтық және есеп беру: орталық банктер мен басқа қаржы институттары өздерінің шешімдері мен әрекеттері үшін жауапкершілікке тартылуда. Бұл ұлттық валютаға деген сенімді нығайтуға көмектесетін ашық және ашық қаржы жүйесін құруға әкеледі.

-Деректерге негізделген шешімдер қабылдау: орталық банктер экономика мен қаржы нарықтарын жақсы түсіну үшін деректер мен аналитиканы пайдаланады. Бұл оларға ақша-несие саясаты мен қаржылық реттеуге қатысты неғұрлым негізделген және тиімді шешімдер қабылдауға көмектеседі.

-Тәуекелдерді басқару: орталық банктер де тәуекелдерді басқаруға баса назар аударады. Бұл қаржы жүйесі үшін тәуекелдерді анықтауды, бағалауды және азайтуды қамтиды. Тәуекелдерді тиімді басқару арқылы орталық банктер Ұлттық валютаның тұрақтылығын қорғауға көмектеседі.

-Инновация: орталық банктер қаржылық тұрақтылықты нығайтудың жаңа жолдарын табу үшін инновациялар енгізуде. Мысалы, кейбір орталық банктер қаржы жүйесінің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыру үшін орталық банктердің цифрлық валюталарын (CBDC) пайдалану мүмкіндігін зерттеп жатыр.

Осы жалпы тенденциялардан басқа, орталық банктер Ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қолданатын бірқатар жаңа басқару әдістері бар. Оларға мыналар жатады:

Инфляцияның икемді таргеттелуі: орталық банктер инфляцияны таргеттеудің икемді тетіктерін көбірек қолданады. Бұл оларға экономикалық күйзелістерге және қаржылық ортадағы өзгерістерге жауап беруде икемділік береді.

Макропруденциалдық саясат: орталық банктер қаржы жүйесіндегі жүйелік тәуекелдердің алдын алуға көмектесу үшін макропруденциалдық саясат құралдарын пайдаланады. Бұл құралдар капиталға қойылатын талаптар және антициклді капитал резервтері сияқты нәрселерді қамтуы мүмкін.

Стресс-тестілеу: орталық банктер қаржы жүйесінің әртүрлі күйзелістерге төзімділігін бағалау үшін стресс-тесттер жүргізеді. Бұл ақпаратты жүйедегі осалдықтарды анықтау және жою үшін пайдалануға болады.

Байланыс: орталық банктер жұртшылықпен және қаржы нарықтарымен тиімді қарым-қатынас жасайды. Бұл орталық банкке және оның саясатына деген сенімді нығайтуға көмектеседі.

Басқарудағы бұл жаңа тенденциялар орталық банктерге күрделі экономикалық жағдайларда ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі.

#### 4 Ұлттық валюта үшін сақталатын сын-қатерлер.

Сыртқы сын-қатерлерге келсек, дамыған елдердегі ақша-кредит талаптарының күшеюі – дамушы елдерден шығатын бейрезиденттердің портфельдік инвестицияларын әкетуі мүмкін. Қазақстан қаржы нарығының әлемдік капитал ағынына қатысуы да инвесторлар сентиментінің күрт өзгеруі, яғни ҚР МБҚ-ға бейрезиденттердің келуі мен кетуі жағдайында теңге бағамы үшін сын-қатерлер туғызады. Қазіргі уақытта халықаралық инвесторлардың назары АҚШ-тағы жеңіл монетарлық талаптардың қысқару сәтін бағалауға бағытталған. Бұл ретте АҚШ ФРЖ-ның кейбір өкілдері бұл мәселелер халықты вакциналау 75%-ға жеткенде қарала бастауы мүмкін деп санайды.

Сондай-ақ теңгенің айырбас бағамына әсер ететін негізгі сыртқы сын-қатерлерге - әлемдік экономикалық өсімнің қалпына келудегі тұрақсыздығын, мұнай бағасының құбылмалылығын және ең ірі сауда серіктесі – Ресейге қатысты санкциялардың қаупін жатқызуға болады.

Теңге бағамы үшін ішкі сын-қатерлерге – төлем балансының ағымдағы шотында сақталып отырған тапшылықты жатқызуға болады. Шетел валютасына қосымша сұраныс экспорттың өсуіне, сондай-ақ сыртқы міндеттемелерді өтеу қажеттілігіне байланысты болуы мүмкін [4].

2023 жылғы 27 қаңтар мен 3 ақпан аралығында сыртқы валюта нарығында бірқатар маңызды оқиға болды. Бірқатар жетекші орталық банктер базалық мөлшерлемені арттыруды жалғастыра түсті: АҚШ ФРЖ мөлшерлемені 4,5-4,75%-ға дейін 25 базистік тармаққа, ЕОБ 2,5-3,25%-ға дейін 50 базистік тармаққа, Англия банкі 4%-ға дейін 50 базистік тармаққа ұлғайтты. АҚШ-тың еңбек нарығы жөніндегі деректер қаңтарда сарапшылардың күткенінен жоғары болды: экономикадағы жұмыс орындарының саны 517 мыңға ұлғайды, жұмыссыздық 3,4%-ға дейін түсті. Бұл факторлар көбінесе дамушы нарықтардағы валюталардың теріс динамикасына алып келді [5].

ҚР Ұлттық банкі 2023 жылғы 2 қазанда қыркүйек айындағы валюта нарығы туралы жариялаған мәліметке сүйенсек, қыркүйек айының қорытындысы бойынша, теңге бағамының 1 АҚШ долларына қатынасы 474,99 теңгеге дейін 3,4%-ға әлсіреді. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 158 млн-нан 162 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 3,4 млрд АҚШ долларын құрады.[6]

Ұлттық валютаның тұрақтылығын сақтап қалу үшін елдің мүмкін болған барлық экономикалық секторын дамытуға күш салу керек. Мысалы, туризм, денсаулық сақтау, жеңіл өнеркәсіп, тау-кен ісі, банк қызметі, білім беру, ауылшаруашылық кешені, металл өңдеу және машина жасау сынды секторларын үдемелі даму жоспарына енгізу керек. Қазақстанның валюта нарығындағы соңғы оқиғаларға тоқталар болсақ

2023 жылғы наурызда теңге АҚШ долларына қатысты тоғыз айлық рекордқа дейін

нығайды. Бұл мұнайдың жоғары бағасын, әртараптандырылған экономиканы және Қазақстанға қатысты жағымды көңіл-күйді қоса алғанда, бірқатар факторларға байланысты болды. Алайда, содан бері теңге мұнай бағасының төмендеуі мен геосаяси тәуекелдерді қоса алғанда, факторлардың жиынтығына байланысты АҚШ долларына қатысты әлсіреді.

2023 жылғы 31 қазандағы жағдай бойынша теңге АҚШ доллары үшін 470 шамасында саудаланады. Бұл теңге 2023 жылғы наурызда саудаланған АҚШ доллары үшін 435 деңгейінен сәл әлсіз, бірақ теңге 2023 жылғы ақпанда саудаланған АҚШ доллары үшін 530 деңгейінен күшті.

Жалпы, теңге бағамы күрделі әлемдік экономикалық конъюнктураға қарамастан, соңғы айларда салыстырмалы түрде тұрақты болды. ҰБК теңгенің айырбас бағамын тиімді басқаруды жалғастырды және валюта өзінің сауда ауқымында қалды. Алайда инвесторлар теңге үшін тәуекелдер, оның ішінде мұнай бағасы, жаһандық экономикалық жағдайлар және геосаяси тәуекелдер туралы хабардар болуы тиіс.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Т. В. Григорьев, М. В. Зайцева. Перспективная оппозиция как методологический инструмент в изучении современных денежных номинаций: научная статья –11-е изд – Москва :, 2022. – 299 с.-ISSN 2305-8420

2 А. В. Новиков, А. В. Бурмистров. Использование торговых алгоритмов в адаптируемой интеллектуальной экосистеме: научная статья– Новосибирск: ИНФРА-М, 2018. – 301 с.

3 <https://azattyq-ruhy.kz/economy/16495-pandemiia-kolma-kol-aksha-paidalanu-urdisin-zhoia-ala-ma>

4 <https://egemen.kz/article/274818-valyuta-naryghy-utys-pen-utylys>

5 <https://www.nationalbank.kz/kz/news/informacionnye-soobshcheniya/14905>

6 <https://kaz.zakon.kz/karzhy/6032500-ltty-bank-yrkyekte-ltty-ordan-nege-1155-million-dollar-satty.html>

## КӘСІПОРЫНДАҒЫ ТИІМДІ КАДР САЯСАТЫ ЕЛДІҢ ТҮРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ РЕТІНДЕ

**Сағынбек Данагүл Амангелдіқызы**

Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті,  
email: danagulsagynbek@gmail.com

### Аңдатпа

Бұл мақала кәсіпорындағы кадр саясатының сипаттамалық ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Кез-келген ұйымның ең үлкен активі бұл мекеменің алдында тұрған мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін адам ресурстары болып табылады.

Зерттеудің мақсаты кәсіпорындағы кадр саясатының тиімділігі еңбек өнімділігін қаншалықты арттыра алатынын анықтау, кәсіпорынның өсу процесінде адам ресурстарын оқыту мен дамытудың тиімділігін анықтау, кадр саясатының дамуы кәсіпорынның табыстылығына қандай да бір елеулі әсер ететінін анықтау. Зерттеу мақсаттарына жету үшін деректер бастапқы және қайталама көздерден жиналды.

Мақала зерттеп жазу барысында аналитикалық және статистикалық әдістер қолданылды.

**Кілт сөздер:** кадр саясаты, кәсіпорын, тиімділік, экономика, менеджмент, адам ресурстары, ұйымдастырушылық өнімділік, басқару, адам капиталы.

### Аннотация

Данная статья посвящена изучению характерных особенностей кадровой политики

на предприятии. Самым большим активом любой организации являются человеческие ресурсы, которые обеспечивают реализацию целей и задач, стоящих перед этим учреждением.

Целью исследования является определение того, насколько эффективность кадровой политики на предприятии может повысить производительность труда, определение эффективности обучения и развития человеческих ресурсов в процессе роста предприятия, определение того, оказывает ли развитие кадровой политики какое-либо существенное влияние на прибыльность предприятия. Для достижения целей исследования данные были собраны из первичных и вторичных источников.

При написании статьи использовались аналитические и статистические методы.

### **Abstract**

The purpose of this article is to examine the distinctive characteristics of the personnel policy at the enterprise. In order to implement the goals and objectives facing this institution, human resources are the greatest asset of any organization.

The aims of the study is to determine how effective the personnel policy at the enterprise can increase labour productivity, to determine the effectiveness of training and development of human resources in the process of enterprise growth, to determine whether the development of personnel policy has any significant impact on the profitability of the enterprise. To achieve the aims of the study, data were collected from both primary and secondary source.

The article was written using analytical and statistical methods.

### **Кіріспе**

Кез келген ұйым қызметінің маңызды элементінің бірі кадр саясаты болып табылады.

Кадрлық саясат – бұл жұмыс істейтін компанияның мақсаттарына жету үшін қызметкерлердің мүдделеріне, мінез құлқына және қызметіне әсер ету принциптері, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы.[1]

Адам ресурстарын басқару туралы зерттеген ғалымдардың кадр саятына берген анықтамалары бойынша:

Ф.Тейлор кадрлық саясат – бұл әрбір жеке қызметкерді дамыту, жұмысшыларды неғұрлым көп пайда бере алатын жұмыс орындары мен тапсырмаларға іріктеу, оқыту және орналастыру.

А. Файоль бойынша кадрлық саясат – «персонал құрамының тұрақтылығы» қағидасынан тұратын басқару қызметінің шешуші элементтерінің бірі.

Ш. Ротвелл кадрлық саясат бұл персоналға және жұмыс күшін қолдану жоспарына қатысты ұйымдағы саясаттың әртүрлі аспектілерін біріктіретін жалпы кадрлық стратегия. [16]

Басқарудағы кадр саясатын анықтаудың 3 тәсілі:

Бірінші, бұл басқару жүйесінде жұмыс істейтін барлық қызметкерлерді, мамандарды, менеджерлерді және техникалық қызметкерлерді іріктеу және орналастыру,

Екінші, басшыларды, мамандарды және жұмысшыларды таңдау және пайдалану, яғни өнеркәсіптік кәсіпорындарда, министрліктерде барлық қызметкерлердің қамтиды.

Үшінші, өзіне жүктелген міндеттерді шешу үшін кәсіби топтары бар ұжымды әлеуметтік басқарудың қажетті үдерісі ретінде. [2]

Кадр саясатының қағидаттарын, әдістерін енгізу мекеменің негізгі қызметінің келесідей нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді:

➤ бизнестің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін таланттардың жетіспеушілігін азайту;

➤ қызметкерлердің негізгі техникалық және басқару дағдыларының жетіспеушілігін болдырмау

➤ кадр айналымды азайту.


Кадр саясатының тиімділігі компаниядағы басқарудың үш деңгейі (жоғарға буын, кәсіби кадр қызметі, желілік менеджерлер) негізінде персоналмен жұмыс істеу сапасымен

және қызметкерлердің еңбек қатынасы бойынша қанағаттану индексі деп аталатын жалпы көрсеткішпен анықталады.

Кадр саясатының дұрыс жүргізілуімен байланысты тағы бір критерий – кадр саясатын орындау дәрежесі, кадрлармен жұмыс және қызметкерлермен ақпараттандырыған қамтамасыз ету дәрежесі. [3]

«Air Astana» компаниясы қызметкерлерді басқару саясаты және адам ресурстарын дамыту саласындағы Қазақстандағы бойынша көшбасшысы болып табылады. «Air Astana» компаниясы 2018 - 2019 жылдары «WOW!HR», 2017-2020 жылдары «Орталық Азия Үздік HR-бренд», 2018 - 2019 жылдары «Үздік HR-директор», 2016-2020 жылдары Universum агентігінің нұсқасы бойынша «Үздік жұмыс беруші», 2020-2021 жылдары Randstad нұсқасы бойынша «Көлік және логистика саласындағы үздік жұмыс беруші» сияқты көптеген HR марапаттарға ие болды. Бұның бәрі компанияның адам ресурстарын дамытуға бағытталған кадр саясатына байланысты. «Air Astana» компаниясының «Біздің адамдар» атты кадр стратегиясы мәдени, технологиялық және физикалық сияқты үш негізгі жұмыс кеңістігі негізінде қалыптасатын қызметкердің тәжірибесін (employee experience) үздіксіз дамытуға және жақсартуға негізделген. Компания бұл тәсілді қызметкерлердің әлеуетін арттыру және қатысу деңгейін көбейту үшін негізгі ынталандырушы фактор ретінде қарастырады. [4]

«Air Astana» компаниясы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясымен және «Астанахаб» мемлекеттік қызметтімен бірлесіп Қазақстандағы HR-процестердің жетілу деңгейін айқындау бойынша 2020 жылы өткізген ауқымды республикалық зерттеу нәтижесі бойынша бірінші орынға ие болған. [5] Осы жетістіктер 2014 жылы бастауын алған компанияның стратегиясымен байланысты.




Сурет 1. Стратегияның негізгі элементтері («Air Astana» компаниясы жылдық есебінен алынған)

Қазақстандағы ең үздік авиакомпаниялардың бірі болып табылатын «Air Astana» компаниясы HEART корпоративтік құндылықтарына негізделген корпоративтік мәдениетті дамыта бастады. 2014 жылы қабылданған HEART бағдарламасы екі негізгі аспектіні қамтиды:

Біріншіден, ол компанияның жетістігін оның қызметкерлерінің өнімділігімен байланыстырады;

Екіншіден, ол қызметкерлерді күнделікті тұтынушылармен және бір-бірімен қарым-қатынасында бағыттайтын қарапайым және түсінікті құндылықтардың ауқымын сипаттайды.


«Air Astana» компаниясы өзінің корпоративтік мәдениетін қалыптастыра отырып, қызметкерлерге мансап құрудың барлық кезеңдерінде, соның ішінде жұмысқа қабылдау, оқыту және дамыту, бағалау, сыйақы және қызмет бабында ілгерілеуді қоса алғанда, өзара іс-қимылдың оң тәжірибесін ұсынуға ұмтылады.



Кескін 1. «Air Astana» компаниясының HEART бағдарламасы («Air Astana» компаниясы жылдық есебінен алынған)

Соңғы жылдары «Air Astana» әуекомпаниясы жолаушылар ағыны мен жүк тасымалы көлемінің өсуін ынталандыру мақсатында ұшу географиясын кеңейтуге, рейстер жиілігін арттыруға бағытталған бизнес-жоспарға сәйкес мамандардың құзыреттерін дәйекті түрде дамытып, өндірістік штатын кеңейтті. Қазақстанның еңбек нарығы жасарып келеді және бұл үрдіс алдағы бірнеше жылға жалғасады деп күтілуде. Соңғы жылдары «Air Astana» компаниясында бірінші жыл жұмыс істейтін қызметкерлердің орташа жасы 26 жасты құрайды. Компания қызметкерлерінің жартысынан көбі 35 жасқа толмаған және осы жас санатындағы қызметкерлердің үлесі тұрақты өсуде.

2022 жылғы есеп бойынша барлық бағыттар бойынша компания қызметкерлерінің жалпы саны 6 184 адамды құрайды. Оның ішінде әр түрлі ұлттық және этникалық тектегі 3 772 әйел және 2412 ер адам жұмыс істейді. Олардың тәжірибесі, білімі, діні мен сенімі әртүрлі болғанымен, ол өз кезегінде жемісті жұмыс ортасын қалыптастырады және әрбір қызметкерге әділ көзқарасты қамтамасыз етеді. [6]



Кескін 2. «Air Astana» компаниясының қызметкерлерінің өсу динамикасы. (Автормен дайындалған)

«Air Astana» әуекомпаниясының өсу айланысты, 2026 жылға қарай компания персонал санын едәуір ұлғайту көздеп отыр. 2017 жылы «Air Astana» әуекомпаниясының корпоративтік құндылықтарымен бөлісетін жоғары әлеуеті бар және табысқа ұмтылатын қызметкерлерді жұмысқа тартуға ұмтыла отырып, Қазақстанның түкпір-түкпірінен кандидаттарды іздеу, тарту және оқыту мақсатында «Арманыңды сынап көр» атты стратегияны бастады. «Air Astana» әуекомпаниясы бұл стереотипті өзгертуге ниетті. «Арманыңды сынап көр» стратегиясының мақсаты оқушылар мен студенттерді авиацияда мансап құру мүмкіндігіне қызығушылық таныту болып табылды. Осы стратегия арқасында 2020 жылы ашылған «Air Astana» әуекомпаниясының академиялық операциялық, өндірістік сипаттағы және жұмсақ дағдыларды (soft skills) дамыту бойынша 60-тан астам бағдарлама бойынша жүздеген мамандарды оқытып жатыр. 2022 жылы 450 стюардессалар мен 268

жердегі қызмет көрсету мамандары үшін оқытылып, сондай-ақ 3000-нан астам өндірістік персонал өкілдері үшін міндетті қайта даярлау курстары өткізілді.

Сонымен қатар «Air Astana» компания қызметкерлеріне арналған корпоративтік оқыту бағдарламаларын, оның ішінде кіріспе тренингтер мен нұсқамаларды, басшылық мүшелеріне арналған семинарларды өткізеді. Компания төрт негізгі қағиданы қолдана отырып, жаңа деңгейге шығуға мүмкіндік беретін кәсіби инновациялық оқу орталығы құрылды:

- коммерциялық және қаржылық өсу;
- стандарттау және жеңілдету;
- өнімді инновациялау;
- нұсқаулықтарды дамыту.

«Air Astana» компаниясының кадр саясатын іске асыру мониторингі тиімділіктің мынадай түйінді көрсеткіштері бойынша міндеттер қою негізінде жүзеге асырылуда:


- қоғамның басқару құрылымын оңтайландыруға байланысты іс-шараларды қоспағанда, персонал қозғалысын тұрақтандыру және кадрлар айналымының өсуіне жол бермеу;
- қызметкерлерді тарту дәрежесін арттыру;
- оқытудан және біліктілігін арттырудан өткен қызметкерлердің үлесін ұлғайту;
- конкурстық негізде персоналды іріктеу;
- даму бағдарламаларының тиімділігі, сабақтастық және білім трансфері.

Қызметкерлерді жыл сайынғы бағалаудың корпоративтік жүйесі HEART құндылықтарымен және тиісті құзыреттермен келісілген. Менеджерден бастап жоғары деңгейдегі басшыға дейінгі әрбір қызметкер грейдке байланысты қызметкерге қойылатын талаптардың жоғарылауымен бірдей критерийлерді қолдана отырып бағаланады.

Әр жыл сайын «Air Astana» компаниясы өзінің күнделікті жұмысында HEART корпоративтік құндылықтарын көрсететін 120 үздік қызметкерді таңдайды, олар HEART сыйлығын тапсыру рәсіміне шақырылады, онда қызметкерлер еңбегі үшін марапатталады және компанияның үздік 20 қызметкерінің бірі болуға мүмкіндік алады. Үздік 20 қызметкер тоғыз маман жүргізетін «360 градус» жүйесі бойынша бағалау негізінде таңдалады.


Қызметкердің тәжірибесі (employee experience) және оның тартылу дәрежесі бір-бірімен тығыз байланысты және саланың басқа көшбасшылары ретінде «Air Astana» осы аспектілерді үнемі назарда ұстайды. 2016 жылдан бастап компания американдық Gallup компаниясымен бірлесе отырып, қызметкерлерді тарту мәселелері бойынша сауалнама жүргізіп келеді. Сауалнама арқасында қызметкерлерді тарту көрсеткіші жылдан жылға өсіп, 2022 жылы 4,10-ға дейін өсті. [7] «Air Astana» әуекомпаниясының осындай кадр саясатының арқасында қызметкерлердің тиімділі артып, олардың компанияның дамуы мен табыстылығына деген қатысу үлесі өсті. 3 кескінде бейнелегендей «Air Astana» әуекомпаниясының табысы жылдан жылға өсіп келеді. 2022 жылы компанияның кірісі 1 млрд АҚШ долл жетті, осындай нәтиженің бір себебі кадр саясатының дамуы деп айтуға болады.






Кескін 3. «Air Astana» компаниясының қаржылық есебі (Автормен дайындалған)

«Air Astana» компаниясы БҰҰ негізгі тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге өз үлесін қосып келеді. Соның ішінде адам ресурстарына қатысты «гендерлік теңдік» пен «лайықты жұмыс және экономикалық өсу» мақсаттарына аса мән береді. Компанияның «гендерлік теңдік» тұрақты даму мақсатына сай тең мүмкіндіктер беру саясатын қызметкерлердің жыныстық айырмашылық көрсеткішінен көруге болады. Сонымен қатар, компанияда әйел ұшқыштардың саны жыл сайын өсіп, бүгінгі таңда 13 әйел ұшқыш жұмыс істейді. Компанияның жоғары басшылығындағы 41 топ-менеджерлердің 44% әйелдерді құрайды. Сондай-ақ директорлар кеңесінің құрамында әйел басшының бар екендігі компанияның тең мүмкіндіктер беру саясатын дамытып келе жатқанын көрсетеді.



Кескін 4. «Air Astana» компаниясының қызметкерлері жыныстық айырмашылық көрсеткіші (Автормен дайындалған)

«Лайықты жұмыс және экономикалық өсу» тұрақты даму мақсаты бойынша компания жыл сайын өз алдына орта мерзімді және ұзақ мерзімді инициатива бастамаларын қояды. Оларға мүгедектігі бар жұмысқа қабылданған қызметкерлер санының жыл сайынғы ұлғаюын қолдау мен кадр айналымын қысқартуын жатқызуға болады. Көріп отырғандай компания кадр айналымының төмен деңгейін ұстап тұруға ерекше көңіл бөледі. Жыл сайын өткізілетін сауалнама нәтижесіне сай кадрлардың сыртқа кетуін шегеретін негізгі факторларға қауіпсіз еңбек жағдайлары, бәсекеге қабілетті жалақы және тартымды әлеуметтік пакеттер жатады. Компания өз қызметкерлеріне аталғандар бойынша бар мүмкіндіктерді жасауда.



Кескін 5. «Air Astana» компаниясының кадр айналымы (Автормен дайындалған)

Тиімді кадр саясаты қызмет беруші мен қызметкерлердің арасында сенімді қарым-қатынас орнатылған кезде ғана туындайтыны айқын. Зерттелген «Air Astana» компаниясы осындай қарым-қатынасты сақтай отыра адам ресурстарын дамытуда.

Қорытындылай келе, адам ресурстарын басқару саласындағы «Air Astana» компаниясының кадр саясаты стратегиялық корпоративтік мақсаттар мен құндылықтарға сәйкес өз міндеттерін тиімді, нәтижелі және барлық кәсіби, этикалық нормаларды сақтай отырып орындауға қабілетті білікті кадрлардың жұмыспен қамтылуын, сондай-ақ тұрақты дамуын қамтамасыз етуге арналғанын көруге болады. «Air Astana» компаниясы адам ресурстарын өзінің негізгі активі деп санай отырып, оларға жұмысқа орналасудың көптеген нұсқаларынан бөлек, әртүрлі деңгейдегі оқыту мен мансаптық мүмкіндіктерді ұсынады. Қазіргі таңда кәсіпорын бизнесінің жетістігі қызметкерлердің адалдығы мен кәсібилігіне байланысты екеніне басты назар аударып, кадр саясатын дамыту стратегиясымен біріккен компанияның даму стратегиясын жүзеге асырып келеді. Осы жиналған деректерге сүйене отырып, зерттелген компанияда білікті персоналды пайдалану еңбек өнімділігінің артуына және табыстың ұлғаюына әкелетінін анықтауға болады.

#### Әдебиеттер

1. Жансеитова Г.С. Ұйымның кадрлық саясаты : оқу құралы. - Нұр-Сұлтан : Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022
2. Виханский О.С. , Наумов А.И. – Менеджмент—М. Экономист 2016
3. Митрофанова Е.А. Управление персоналом: Аудит, контроллинг и оценка расходов на персонал. Уч пособие – М.Проспект-2018
4. «Air Astana» әуекомпаниясының сайты <https://airastana.com/kaz/ru-ru/O-nas>
5. HR менеджерлер қауымдастығының сайты <https://hr-a.kz/prize>
6. «Air Astana» әуекомпаниясының жылдық есебі , 2022 <https://airastana.com/Portals/2/About-Us/Corporate-Governance/Annual-Reports/2023/Air Astana Annual Report 2022%20RUS Web..pdf?ver=2023-08-29-104925-720>
7. Тонконог О., халықаралық іскерлік басылым «Курсив», 2023 <https://kz.kursiv.media/2023-07-10/lgtm-airastanaprofit/>

## ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕКТЕ ҚАЛЫПТАСУ МӘСЕЛЕСІ

Солтан Ақбаян Байғалиқызы  
Ғылыми жетекші – Дарибаева А.К. э.ғ.к., доцент  
«Қазақ технология және бизнес университеті»  
e-mail: [soltan.akbayan@gmail.com](mailto:soltan.akbayan@gmail.com)

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жергілікті бюджеттің қалыптасу барысындағы қағидаттар мен заңды түсініктемелер айқын көрсетілген. Мемлекеттік қор турасындағы нақты түсініктер көрсетілген. Сонымен қатар, жергілікті бюджетті қалыптастырудың жіктелу жолдары мен бюджетке қатысты типтердің түсіндірмесі айқындалған. Жергілікті бюджеттің экономикалық мәні түсіндірілген. Сондай-ақ, қортынды кезеңінде, жергілікті бюджет тарапынан бөлінетін арнайы бюджеттерге қатысты ұсыныс бар.

Жалпы мақаланың бағыты Үкіметтен бөлінетін қаржының дұрыс әрі тиімді қалыптасуы туралы баяндалады. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін жергілікті қаржының ақшалай нысандағы қоғамдық өнімнің бір бөлігін жергілікті басқару органдары өздеріне артылған функцияларға сәйкес жасау, бөлу, пайдалану үдерісіндегі жіктеу жүйесі туралы айқын түсіндірмелер көрсетілген. Бюджетті жоспарлауды пайдаланудың бірнеше әдістерін айқындап, қалыптасу қағидаларын сатылап түсіндіріледі. Республикалық және жергілікті бюджеттер шығыстарының құрылым бөлімдерімен экономикалық мәні айқын айтылған. Сондай-ақ, ішінара қайта белудің мақсатты және аумақтық бюджет қорларын жасауға да негізделген бюджеттердің бірлігі бюджет жүйесін ұйымдастыру мен оның жұмыс істеуінің бірыңғай қағидаттары баяндалады.

Түйінді сөздер: бюджет, экономика, статистика, инфрақұрылым, шығын, займ.

**Аннотация.** В данной статье изложены принципы и юридические разъяснения в процессе формирования местного бюджета. Отражены конкретные понятия государственного фонда. Кроме того, определены пути классификации формирования местного бюджета и трактовка типов, относящихся к бюджету. Объясняется экономическая сущность местного бюджета. Также в заключительный период имеется предложение относительно специальных бюджетов, выделяемых местным бюджетом.

В целом, в статье будет рассказано о правильном и эффективном формировании средств, выделяемых от правительства. Отражены четкие разъяснения о системе классификации в процессе составления, распределения, использования органами местного самоуправления части общественной продукции в денежной форме местных средств, выделяемых из Национального фонда Республики Казахстан в соответствии с возложенными на них функциями. Определены несколько методов использования бюджетного планирования и поэтапно разъяснены принципы формирования. Отчетливо выражена экономическая значимость расходов республиканского и местных бюджетов структурными подразделениями. Также, единство бюджетов, основанное на создании целевых и территориальных бюджетных фондов частичного перевооружения, докладывается о единых принципах организации и функционирования бюджетной системы.

Ключевые слова: ююджет, экономика, статистика, инфраструктура, расходы, кредит.

**Abstract.** This article clearly sets out the principles and legal explanations in the process of forming the local budget. The specific concepts of the state fund are reflected. In addition, the ways of classifying the formation of the local budget and the interpretation of types related to the budget are determined. The economic essence of the local budget is explained. Also in the final period there is a proposal for special budgets allocated by the local budget.

In general, the article will tell about the correct and effective formation of funds allocated from the government. Clear explanations about the classification system are reflected in the

process of compilation, distribution, use by local self-government bodies of a part of public products in the monetary form of local funds allocated from the National Fund of the Republic of Kazakhstan in accordance with the functions assigned to them. Several methods of using budget planning are defined and the principles of formation are explained step by step. The economic significance of expenditures of the republican and local budgets by structural divisions is clearly expressed. Also, the unity of budgets, based on the creation of targeted and territorial budget funds for partial re-equipment, is reported on the common principles of the organization and functioning of the budget system.

Key words: budget, economics, statistics, infrastructure, expenses, credit.

Бюджет әр мемлекетке өзінің экономикалық, әлеуметтік және саясаттық функцияларын орындауға объективтік ақшалай түрде қажетті. Бюджет қай мемлекеттікі болмаса да мазмұндары бірыңғай категориялардан қалыптасады, яғни салық, займдар, шығын және т.б, сонымен қатар олар бір қоғамдық экономикалық формациядан басқа формаға ауысса да, өздерінің мазмұның өзгертпейді. Дәл осы ұғым бюджетті экономикалық категория деп дәлелдеді. Бюджет қаржы жүйесінің орталық тізбегі болғандықтан, ол сол қаржының барлық негізгі, сапалы сипаттамаларына сай [1].

Жергілікті бюджетті қалыптастыру мен келешекте жүзеге асатын жергілікті бюджетті қалыптастыру ол сапалы нәтижеге бағытталған қадам.

Бюджет мемлекеттің өз функцияларының орындалуын қамтамасыз ету, мемлекеттік саясат шараларын іске асыру жөніндегі негізгі құралы болып табылады. Сондықтан мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерін оларға жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін жеткілікті қаржы қаражатымен қамтамасыз ететін, өзара қатынастардың тұрақтылық пен ашықтық қағидаттарына негізделген, сондай-ақ тиімді бюджет саясатын жүргізуді ынталандыратын бюджетаралық қатынастардың оңтайлы моделін қалыптастыруды талап етеді. Расында да, жергілікті бюджеттің қалыптасу жолы келешекте қалыптасатын нәтижелердің баспалдағы десек те болады [2].

Жергілікті бюджет қаржылық қарым-қатынастағы әр түрлі қатысушылардың әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қалыптастыратын күрделі және көп міндет атқаратын құрал болып табылады. Бюджет арқылы орталық пен аймақтар арасындағы әлеуметтік шығындар мен салық бөлу, еңбекақы мен кіріс жөніндегі ымыраға келеді, бюджеттік дотациялар мен трансферттер бөлу арқылы мемлекет орталық және жергілікті мүдделерді қалыптастырып іске асырады.

Бюджет экономикалық қарым-қатынасқа негізделгендіктен объективті түрде сипатталады. Өз алды бюджеттік сала болуы адамзаттың субъективтік пікіріне байланысты емес, ең адымен ол қоғамдық өндірістің дамуына керекті орталықтандырылған ресурстарға, мемлекеттік табиғаты мен функцияларынан туатын объективтік қажеттілікке байланысты. Бюджеттік жоспарлау-әр түрлі статистикалық, математикалық экономика-математикалық және арнайы әдістер пайдалану арқылы іске асырылады [3].

Төтенше мемлекеттік бюджет республикалық және жергілікті бюджеттердің негізінде қалыптастырылады және Қазақстан Республикасындағы төтенше немесе соғыс жағдайларында енгізіледі. Мемлекеттік бюджетті бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және ол Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітіледі. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төтенше немесе соғыс жағдайын енгізу және оның күшін жою туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы төтенше мемлекеттік бюджетті енгізуге және оның қолданылуын тоқтатуға негіз болып табылады. Төтенше мемлекеттік бюджеттің қабылданғаны туралы Қазақстан Республикасының Парламенті дереу хабардар етіледі. Мемлекеттік бюджеттің қолданылу уақытына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның және тиісті қаржы жылына арналған барлық деңгейлердегі жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттар шешімдерінің қолданылуы тоқтатыла тұрады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шотында шоғырландырылатын, мемлекеттің қаржылық актив түріндегі, сондай-ақ, материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге де мүлік түріндегі активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры болып табылады. Жергілікті қаржы - ақшалай нысандағы қоғамдық өнімнің бір бөлігін жергілікті басқару органдары өздеріне артылған функцияларға сәйкес жасау, бөлу, пайдалану үдерісіндегі қаржылық қатынастардың жүйесі. Жергілікті қаржы мемлекеттік қаржы жүйесінің маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Ол жергілікті бюджеттерді, арнаулы бюджеттен тыс қорларды және басқарудың жергілікті органдардың қарамағындағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысын кіріктіреді. Жергілікті қаржылардың құрлымы мен бағыты біліктің жергілікті органдарды басқарудың – мәслихаттардың (депутаттар жиналыстарының), жергілікті әкімшіліктің және жергілікті өзін-өзі басқарудың функцияларымен айқындалады [4].

Жергілікті бюджеттерді қалыптастыру мен пайдалану өндіріс пен айырбасқа қатысушылар арасындағы, атап айтқанда: кәсіпорындар мен мемлекет арасындағы, меншіктің барлық нысандарындағы макроэкономиканың өндірістік және қызметтер көрсету салаларының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері арасындағы, бюджет жүйесінің буындары арасындағы, мемлекет пен халық арасындағы қоғамдық өнім күнінің қозғалысын білдіреді. Жергілікті бюджеттердің экономикалық мәні олардың мынандай арналымында көрінеді:

1. билік пен басқарудың жергілікті органдарының ақшалай қорларын қалыптастыру;
2. бұл қорларды жергілікті деңгейдегі инфрақұрылым салалары мен халықтың арасында қайта бөлу.

Жергілікті бюджеттер де тиісті қаржы жылына арналған. Оларды әзірлеу кезінде жоспарланбаған шығындарды, олардың тосындығына және ағымдағы қаржы жылында шұғыл қаржыландыруға байланысты резерв қарастырылады.

Республикалық және жергілікті бюджеттер шығыстарының құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады: операциялық сальдо, таза бюджеттік кредит беру, бюджеттік кредиттер, бюджеттік кредиттерді өтеу, қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо, бюджет тапшылығы (профициті), бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану), қарыздар түсімі, қарыздарды өтеу, бюджет қаражаты қалдықтарының қозғалысы.

Теория мен тәжірибеде бюджет шығынын жіктеу бірнеше белгілер арқылы іске асырылады. Ең алдымен бюджеттік қаражаттарды мемлекеттік басқару деңгейлері бойынша бөліуіне байланысты шығындардың аумақтық жіктелуін айырады (республикалық, облыс және аудандық бюджеттің шығындары). Бюджет шығының экономикалық жіктеуі бюджеттік қаражаттарды жоспарлау мен пайдалануды маңызды мәні бар, себебі мұндай жіктеу бюджеттен экономиканың дамуы мен ұлғаймалы қайта өндіріске қаражаттар бөлінуіне байланысты. Бұл белгі бойынша ағымдағы шығындар және іргелі шығын жекеленеді. Ағымдағы шығын болып мемлекеттік билік органдары, жергілікті басқару органдары мен бюджеттік мекеменің іс-әрекетін трансферт формалары арқылы басқа бюджеттік мекеме экономика салаларына мемлекеттік жәрдем көрсетуді қамтамасыз етуге арналған бюджеттік шығынның бір бөлігі табылады.

Жергілікті бюджет арқылы мемлекеттік бюджет қаражаттарының басым бөлігі әлеуметтік инфрақұрылымға жұмсалады. Жалпы, бюджетті басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету қай кезде де, қай елде де жұртшылық назарын ұдайы аударып келген мәселе. Содандықтан жергілікті бюджет тиімді әрі жоспарға сай қалыптасса, болашақта атқарылатын жұмыстарға өте оңтайлы әрі жеңіл болмақ.

Бюджет жүйесін құрудың барлық қағидаттары өзара үйлестірілген және бірін-бірі толықтырып отырады, олар егеменді еліміздің Конституциясында және Бюджеттік кодексте, «Жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы», «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару туралы» арнайы заңдарында және басқа заңнамалық

актілерінде көрсетілген. Нақтылы жағдайларда бұл қағидаттардан жиі ауытқу болады. Мысалы, кейде бюджеттің бірлігі қағидатынан ауытқиды, өйткені көптеген арнаулы және бюджеттен тыс қорлар пайда болады. Реалистік қағидаты да өзінің маңызын жоғалтып барады: әр түрлі бюджеттен тыс қорлар жұмыс істеуі мүмкін, олар арқылы мемлекет қаржылық қатынастарды саралауға ұмтылады. Бюджет жүйесі реттеуші кіріс көздерін пайдалану, мақсатты және өңірлік бюджет қорларын құру, оларды ішінара қайта бөлу арқылы жүзеге асырылатын барлық деңгейлер бюджеттерінің өзара іс-әрекеттеріне негізделген.

Нақтылы қағидаты бюджет тізімдемесін бұрмалауды болдырмау және бұзылуын жою үшін ол бюджетте мемлекеттің қаржы операцияларының шыншыл көрсетілуін бекітілген сомалардың бюджеттік арналымдардың атқарылуына сәйкестігін алдын ала қарастырады. Нақтылы дамудың болжамдарымен бағдарламаларының көрсеткіштеріне негізделетін және бюджеттік резервтердің болуымен нығайтылған кірістердің барлық көздерімен шығыстар бағыттарының есеп – қисаптарының негізділігімен анықталады.

Жариялылық елдерге адам құқығын, демократиялық өзгерістерді сақтаудың маңызды шарты болып табылады. Бюджет кірістерінің қалыптасуы бюджет ресурстарының бағытталуы сияқты шаруашылық жүргізу субъектілердің және қоғамның барлық мүшелерінің мүдделерін шалады. Сондықтан олар бюджеттің мазмұны, оны қалыптастыруды көздері, салық төлемдерін алудың тәртібі, сондай – ақ бюджет қаражаттарының бағыттары туралы болуы тиіс. Президент қол қойған Қазақстан Республикасының бюджеті заң мәртебесін қабылдайды және оның атқарылуы бюджет рәсімінің қатысушылары үшін міндеті болады. Заң, өткен кезеңдегі бюджеттің атқарылуы туралы есеп баспасөз бетінде жарияланады. Осылайша бюджеттің кірістерімен шығыстарының көлемі, оның негізгі түсім көздері, шығыстарының бағыттары, тапшылық көлемі және оның жабудың әдістері жария етіледі. Қазақстан Республикасында жергілікті бюджеттер:

1. коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілген;
2. мүлікпен және әкімшілік аумақтық бөліністің меншігіндегі өзге де мүлікпен экономикалық және қаржылық негізді құрайды.

Түсімдер мен бюджет тапшылығын (профилін пайдалану) қаржыландыру есебінен қалыптасатын, конституциямен, заңдармен және Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкімет актілерімен жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін жергілікті атқарушы органдар белгілейтін жергілікті бюджеттік бағдарламаларға арналған тиісті мәслихаттың шешімімен бекітілген әкімшілік-аумақтық бөліністерді ақшалай қорлары болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы бюджеттер арасындағы қатынастардың жүйесі қалыптасу және даму стадиясында түр және оның оңтайлы механизмі, сонымен қатар, басқаруды орталықсыздандыру мемлекеттік басқару мен бекітіліп берілген міндеттерді жүзеге асыру үшін жергілікті бюджет дербестігі арасында шығыстар бойынша жауапкершілікті неғұрлым байыпты бөлуді қажет етеді. Стратегиялық және бюджеттік жоспарлауды үйлестіру үшін үш жылдық кезеңге арналған салықтық-бюджеттік саясатты анықтайтын құжат - орта мерзімді фискалдық саясат әзірленді. Бюджеттің атқарылу үдерісі де тым егжей-тегжейлі регламенттелінді, бюджеттік үдерістің жаңа қағидаттары енгізілді.

Бюджет деңгейлері жүйеленіп, әрбір деңгейдің қала мен аудан бюджетіне дейінгі шығыстары, олардың түсімдері мен бюджеттерді әзірлеудің тәртібі егжей-тегжейлі жазылып қойылды. Қазіргі кезде биліктің жергілікті органдарының дербестік алуымен және оларға қаржылық ресурстарды иелену жөніндегі құқықтардың берілуімен байланысты Бұл қағидат біршама әлсіреді. Бюджет жүйесінің бірлігі бірыңғай қаржылық саясатты қамтамасыз етуге бағытталған және ең алдымен Қазақстан Республикасы егеменді мемлекетінің жалпы экономикалық және саяси негізін тірек етеді. Ол реттеуші кіріс көздерін пайдалану арқылы барлық деңгейдегі бюджеттердің өзара іс-әрекетіне, төменгі деңгей бюджеттерінің теңгерімділігі үшін оларды қаржылық қолдауға, сондай-ақ ішінара қайта бөлудің мақсатты және аумақтық бюджет қорларын жасауға да негізделген.

Бюджеттер бірлігі бюджет жүйесін ұйымдастыру мен оның жұмыс істеуінің бірыңғай қағидаттарын, бірыңғай бюджеттік сыныптаманы және бюджеттік үдерістің бірыңғай рәсімдерін қолданумен қамтамасыздандырылады.

Қорыта келгенде, жергілікті бюджетті қалыптастыру барысында, алға тартар ұсыныстардың бірі ол арнайы жәрдемақының активтерін көтеру. Үкімет тарапынан бізге белгілі арнайы мемлекеттік жәрдемақы бар. Ол әлеуметтік қорғауға мұқтаж адамдарға басқа жәрдемақы түрлерінің тәуелсіз берілетін ақшалай төлемдер. Бұл жәрдемақы мемлекеттік әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне кіреді және оны алуға құқы бар азаматтарға өз алдына ай сайын төленетін ақша. Арнайы мемлекеттік жәрдемақы алу құқығы заңнамалық және нормативтік актілермен белгіленген азаматтар да бар. Ұсыныс осы жәрдемақы турасында болмақ. Яғни, жергілікті бюджетке, жергілікті бюджеттен бөлінетін арнайы бюджет деген бөлім қосу – жұмыссыздықтың алдын алудың бірден-бір жолы болмақ. Бұл дегеніміз жергілікті тұрғындардың сұраныстарын қанағаттандырады сөзсіз. Себебі, обылыс, аудан, ауыл тұрғындарының әлеуметтік деңгейін көтеру үшін мемлекеттен бөлінетін қолжетімді бюджеттің көлемін ұлғайтқанымыз жөн. Мысалы, жастар практикасына арналған активтер және 6 ай жұмыссыздық есебіндегі үкімет тарапынан бөлінетін бюджеттердің санын өсіру өте маңызды. Жергілікті тұрғындар үшін жергілікті бюджеттің қолжетімділігі оңтайлы өмір сүру қағидасын өте ыңғайлы қалыптастырады деп сенеміз. Сондықтан жергілікті бюджет тарапынан бөлінетін арнайы бюджетті қоғам үшін қолжетімді, халық үшін мардымды деңгейге көтеру бірінші кезектегі мәселеге айналуы қажет.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы ерекшеліктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 10 ақпан №147.
2. Казамбаева А.М. Мемлекеттік және жергілікті бюджетті бақылау: оқу құралы / Казамбаева А.М. - Алматы, «Альманах» баспасы, 2019. -141 б.
3. Мемлекеттік саясат: оқулық / Андерсон Джеймс Э...- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020.- 448 б.
4. Мұхтарова Қ.С. Мемлекеттік және жергілікті басқару: оқу құралы \ Қ.С. Мұхтарова, Г.С. Смағұлова, А.Т. Мылтықбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2018 – 111 б.

### **ҚАРЖЫ САЛАСЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ЕНГІЗУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

**Сламқұл Жүсіпәлі**

**Ғылыми жетекшісі: Ерсұлтанқызы Әйгерім**

Астана қаласы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

[kraunplaza@mail.ru](mailto:kraunplaza@mail.ru)

**Аңдатпа.** Қаржы индустриясына жасанды интеллект технологияларын қарқынды енгізу бизнес-ландшафттың өзгеруіне, қалыптасқан бизнес-процестер мен бизнес-міндеттерді қайта форматтауға әкеледі. Қаржы саласында жасанды интеллект технологиясын қолданудың заманауи тәжірибесіне шолу, сондай-ақ проблемаларды анықтау және талдау болып табылады. Осы технологияның әсерінен қаржылық экожүйенің өзгеруі. Бүгінгі күні қаржы секторында жасанды интеллект негізінен инвестициялау, несиелік скоринг, нормативтік талаптарға сәйкестікті талдау, нарықты зерттеу және тұтынушыларды қолдау сияқты салаларда енгізілетінін көрсетті. Бұл ретте жасанды

интеллект технологияларын енгізумен байланысты проблемалар мен тәуекелдердің болуы орта мөлшердегі финтех-компаниялардың санын қысқартуға, ірі ойыншыларды шоғырландыруға және икемді әзірлеу әдіснамасы бар финтех-стартаптар санын ұлғайтуға бейімділікті қалыптастырады.

**Түйінді сөздер:** жасанды интеллект, қаржы, цифрлық технология, цифрлық платформа, онлайн-қызметтер

**Аннотация.** Интенсивное внедрение технологий искусственного интеллекта в финансовой индустрии приводит к изменениям бизнес-ландшафта, реформатированию устоявшихся бизнес-процессов и бизнес-задач. Целью данной статьи является обзор современной практики применения технологии искусственного интеллекта в финансовой сфере, а также выявление и анализ проблем трансформации финансовой экосистемы под воздействием данной технологии. На сегодняшний день в финансовом секторе искусственный интеллект преимущественно внедряется в таких сферах, как инвестирование, кредитный скоринг, анализ соответствия нормативным требованиям, исследование рынка и поддержка клиентов. При этом существование проблем и рисков, связанных с внедрением технологий искусственного интеллекта, формирует тенденцию к сокращению количества финтех-компаний среднего размера, консолидации крупных игроков и увеличению количества финтех-стартапов с гибкой методологией разработки.

**Ключевые слова:** искусственный интеллект, финансы, цифровые технологии, цифровая платформа, онлайн-сервисы

**Abstract.** Intensive implementation of artificial intelligence technologies in the financial industry leads to changes in the business landscape, reformatting established business processes and business tasks. The purpose of this article is to review the current practice of artificial intelligence technology in the financial sphere, as well as to identify and analyze the problems of transformation of the financial ecosystem under the influence of this technology. The analysis showed that today in the financial sector, artificial intelligence is mainly implemented in such areas as investment, credit scoring, compliance analysis, market research and customer support. At the same time, the existing problems and risks associated with the introduction of artificial intelligence technologies lead to reduction of the number of medium-sized fintech companies, consolidation of major players, and expansion in the number of fintech startups with flexible development methodology.

**Key words:** artificial intelligence, finance, digital technologies, digital platform, online services

Қаржылық қызметтер саласында жасанды интеллект технологиясы компанияларға жаңа бизнес-модельдер құруға, тәуекелдер мен шығындарды азайтуға, сондай-ақ өнімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект қаржы секторындағы заманауи тәсіл ретінде көптеген артықшылықтарға ие: нақты процестер адам факторын азайтуға; автоматтандыру шығындарды азайтуға көмектеседі; қайталанатын тапсырмаларды шешу гиперавтоматизацияда қолданылатын "циклдегі адам" тәсілінің арқасында тиімдірек болады. Клиенттер өз кезегінде нақты уақыт режимінде тұтынушыларға қызмет көрсетуден жоғары сапалы және жекелендірілген ұсыныстар алады. Жасанды интеллект технологиясы жеке қаржы мен инвестицияларды дәл бақылауда септігін тигізеді. Көбінесе жасанды интеллект тұтынушыларға қолдау көрсетуді автоматтандыру, нарықтарды зерттеу және талдау, алгоритмдік сауда және алаяқтықты анықтау жүйелерінде қолданылады. Қаржы саласында жасанды интеллектті қолдану қабылданған шешімдердің нәтижелерін жақсырақ болжауға, дамудың әртүрлі жолдарын белгілеуге және компанияларға бизнес тәуекелдерін азайту үшін ең қолайлы стратегияларды таңдауға көмектесуге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект заманауи тәсіл ретінде сандық әмияндарда да қолданылады. Олар пайдаланушылардың әдеттері мен қажеттіліктерін зерттейді және жеке қаржысын



қалай басқаруға болатындығы туралы кеңес береді. Digit, Mint, WealRo және Cleo сияқты қосымшалар осы салада жұмыс істейді. Мысалы, Гонконгтағы net Мобильді банкі жасанды интеллект технологиясы мен биометриялық қауіпсіздікті біріктіреді [1].

Таңбаларды оптикалық тану (OCR) - жасанды интеллект жобаларын әзірлеудің танымал түрі. Бұл бірегей технологияны банктер үлкен көлемдегі ақпаратты алу үшін кеңінен қолданады. OCR көмегімен банктер ішкі есеп беру, тұтынушы туралы ақпарат немесе қауіпсіздік туралы ақпарат болсын, үлкен көлемдегі деректерді өңдей, бақылай және бағалай алады. DBS, Axis bank және ICICI Bank сияқты кейбір азиялық банктер тұтынушылармен инновациялық қарым-қатынас жасау үшін OCR пайдаланады. Клиенттің деректерін автоматты түрде тану арқылы оптикалық таңбаларды тану клиентті тексерудің жылдам және сәйкес процесін қамтамасыз етеді.

Бүгінгі таңда қаржыдағы жасанды интеллект контексттелген қаржылық ұсыныстарды қамтамасыз ететін, осылайша банктер мен несиелік серіктестіктердің тікелей және жанама кірістерін арттыратын бәсекеге қабілетті актив болып табылады. Жасанды интеллект пен нанотехнологияға негізделген шешімдердің қарқынды дамуы оларға мемлекет пен бизнестің сұранысының артуына, соның ішінде жасанды интеллект негізіндегі финтехстартаптарға венчурлық инвестициялардың жарылғыш өсуіне әкелді. "FinTech" (FinTech) термині сәйкес келетін жаңа бизнес үлгілерін, қолданбаларды, процестерді немесе өнімдерді жасайтын технологияға негізделген қаржылық инновацияларды білдіреді. Жасанды интеллект ақша аудару немесе онлайн төлемдер жасау сияқты банктік операциялардан бастап акциялармен сауда жасау немесе портфельді басқару сияқты күрделі операцияларға дейін күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды [2].

Егер банктік процестер шартты түрде үш блокқа бөлінсе, онда басқару процестерін бірінші блокқа бөлуге болады: бұл стратегиялық басқару, банктік өнімдер мен маркетингті басқару, қоғаммен байланыс, филиалдық желіні дамыту, проблемалық активтер, тәуекелдер, қаржы, сапа және персонал. Бұл жасанды интеллект клиенттерді скоринг, бизнесті болжау, клиенттерді сегментациялау, автоматты роботты қоңырау шалу, банкоматтардағы қолма-қол ақшаны болжау және инкассацияны жоспарлау, офлайн нүктелердің орналасуын талдау сияқты жүйелер мен қызметтерде белсенді түрде қолданыла бастады.

Екінші блок-банкингтің негізгі процестері. Оған бөлшек және корпоративті клиенттерге қызмет көрсету, қаржы институттарымен жұмыс, сондай-ақ қор, қаржы және мерзімді нарықтардағы қызмет кіреді. Осы процестерді қамтамасыз етуге арналған негізгі жасанды интеллект шешімдерінің тізімінде чатботтар, дауыстық көмекшілер, сондай-ақ дербестендірілген электрондық қызметтер және жеке қаржылық көмекшілер бар.

Банкингтің үшінші блогы қамтамасыз ету процестерін біріктіреді. Бұл құқықтық құжаттаманы басқару және бухгалтерлік есеп, қауіпсіздік және ішкі бақылау, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы шаралар. Бұл блокта жасанды интеллект биометриялық сәйкестендіру технологияларында, құжаттарды тану, fraud-мониторинг және типтік емес қаржылық белсенділікті анықтауда белсенді қолданылады.

Жасанды интеллект көмегімен клиенттерді Скоринг өтінімді мақұлдау уақытын күннен минутқа дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Скоринг шығындары төмендейді, ал оның сапасы артып келеді және осылайша кешіктіру көлеміне әсер етеді. Дауыстық көмекшілердегі жасанды интеллект бұл, біріншіден, байланыс орталығы ішіндегі ақылды қоңырауларды бағыттау. Екіншіден, бұл қолданбалар ішіндегі дауыстық көмекші арқылы клиентпен байланыс. Бүгінде ол интеллектуалды режимде 80% - ға дейін қоңырауларды дербес қабылдайды және 10% адамға хабарласпай автоматты түрде өңдейді. Әр клиенттің қызмет көрсету уақыты орта есеппен 40 секундқа қысқарды. Егер дауыстық көмекші дұрыс енгізілсе, онда дауыстық кезекте адам әлдеқайда аз күтеді, ал егер күтсе, ол дұрыс нүктелік сұраныспен дұрыс қызметкерге бағытталады.

Тағы бір мысал – ақылды чатботтар. Бұл тірі адамның іс-әрекетіне еліктейтін көп арналы байланыс құралдары. Бүгінгі таңда клиенттердің сұраныстарының 60% - ы

автоматты режимде боттарды толығымен немесе ішінара жабады. Клиенттердің өтініштері бойынша мәселелерді шешудің орташа уақыты төрт есеге қысқарды.

Сондай-ақ, финтехте жасанды интеллект қолданудың артықшылықтарын көрсететін жарқын мысалдардың қатарына Биометрия мен антифродты жатқызуға болады. Біріншісі банктік шоттарды қашықтан ашуға және қаржылық операцияларды қашықтықтан жүргізуге мүмкіндік береді, оларды жүргізу уақытын қысқартады, ал клиенттерді сәйкестендіру дәлдігі бірнеше есе артады. Типтік емес әрекеттерді анықтау үшін жасанды интеллектті пайдалану жыл сайын ел көлемінде шамамен 7 миллиард алаяқтық әрекеттің жолын кесуге мүмкіндік береді, осылайша банктер мен клиенттердің қаражатын үнемдейді [3].

Жасанды интеллекттің қаржылық технологияға әсері:

- Автоматтандыру: автоматтандыру жасанды интеллектті қаржылық технологияға қатысты ететін негізгі аспектілердің бірі болып табылады. Әсіресе Covid-19 пандемиясы жағдайында автоматтандыру финтех компаниялары жұмысының ажырамас бөлігіне айналды. Жасанды интеллект көмегімен төлемдерді өңдеу, клиенттерді қолдау, шот-фактура және бухгалтерлік есеп сияқты операциялар автоматтандырылады. Сондай-ақ, жасанды интеллект адам ресурстарын тиімді басқаруға мүмкіндік береді, әсіресе қашықтан жұмыс істеу жағдайында. Автоматтандыру көп еңбекті қажет ететін міндеттерді айтарлықтай азайтады, тиімділікті жақсартады және компаниялардың өнімділігін арттырады.

- Қауіпсіз төлемдер: алаяқтық және қауіпсіздік бұзушылықтары финтех компаниялары мен олардың клиенттері үшін маңызды мәселелер болып табылады. Алайда, FinTech операцияларына жасанды интеллект интеграциясының арқасында платформаның транзакция қауіпсіздігін қамтамасыз ету айтарлықтай өсті. Жасанды интеллект пайдаланушыларды қатаң тексеру және аутентификациялау, алаяқтық әрекеттерді анықтау және болдырмау үшін төлемдерді үнемі бақылау және деректерді талдау болып табылады. Бұл қаржылық операциялар үшін сенімді және қауіпсіз ортаны құруға ықпал етеді.

- Деректерді талдау және болжау: Финтех фирмаларында тұтынушылар мен нарық туралы деректердің үлкен көлемі бар және жасанды интеллект бұл деректерді тиімді талдауға мүмкіндік береді. Машиналық оқыту әдістері мен үлкен деректерді талдау арқылы финтех компаниялары деректерге негізделген негізделген шешімдер қабылдай алады. Мысалы, олар клиенттердің несиелік қабілетін бағалай алады, жеке ұсыныстар әзірлейді және маркетингтік стратегияларды оңтайландырады.

- Клиенттің тәжірибесін жекелендіру және жақсарту: жасанды интеллект финтех компанияларына жеке шешімдер жасауға және клиенттің тәжірибесін жақсартуға мүмкіндік береді. Машиналық оқыту алгоритмдері мен деректерді талдау арқылы компаниялар клиенттерге жеке ұсыныстар бере алады, қаржылық қызмет көрсету шарттарын оңтайландырады және чатботтар мен басқа да инновациялық технологиялар арқылы ыңғайлы өзара әрекеттесуді қамтамасыз етеді.

Қаржылық технологияларда жасанды интеллектті қолдану көптеген артықшылықтар әкеледі және саланың дамуына жаңа перспективалар ашады. Бұл компанияларға уақытты қажет ететін тапсырмаларды қысқартуға, транзакция қауіпсіздігін жақсартуға, деректерге негізделген шешімдер қабылдауға және тұтынушы тәжірибесін жақсартуға мүмкіндік береді. Болашақта блокчейн, машиналық оқыту және кванттық есептеу технологиялары одан әрі дамиды деп күтілуде, бұл қаржылық технологиялардың одан да жақсаруына әкеледі. Жасанды интеллект-бұл қаржылық технологияны өзгертетін және финтех компаниялары үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын қуатты құрал. Автоматтандыру, қауіпсіздік, деректерді талдау және тұтынушы тәжірибесін жекелендіру финтех компанияларына нарықта тиімді бәсекелесуге және заманауи пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектесетін негізгі артықшылықтарға айналады. Жаңа технологиялық тенденциялардың өсуімен және жасанды интеллекттің дамуымен қаржылық технологиялар инвесторлар мен пайдаланушылардың назарын аударуды жалғастырады және біздің қаржылық экожүйеміздің ажырамас бөлігі болады деп күтілуде.

## Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Accenture, Hessens Ambitionen für Künstliche Intelligenz, Ein Beitrag zur nationalen KI-Strategie am Beispiel des Finanzsektors (2018). Available online at: [https://wirtschaft.hessen.de/sites/default/files/media/hmwv1/20180925\\_ki\\_studie\\_hessen\\_report\\_final\\_im\\_auftrag\\_von\\_0.pdf](https://wirtschaft.hessen.de/sites/default/files/media/hmwv1/20180925_ki_studie_hessen_report_final_im_auftrag_von_0.pdf)

2. Agarwal A., Singhal Ch., Thomas R. AI-powered decision making for the bank of the future // McKinsey & Company. - 2021. - March.

3. Матвеевский С.С., Бердышев А.В. Fintech-компании и их взаимодействие с банками: международный опыт // Вестник университета. - М., 2020. № 11. 174-180 с.

## THE ROLE OF LEADERS IN INNOVATIVE EDUCATION

**Sagadiyeva Assem Orynbasarovna**

**Scientific adviser: Kudys Erlan**

L.N.Gumilyov Eurasian National University

(Astana, Kazakhstan)

[Sagadiyeva.assem@gmail.com](mailto:Sagadiyeva.assem@gmail.com)

**Аңдатпа.** Бұл мақалада инновациялық білім берудегі көшбасшылардың негізгі рөлі қарастырылады. Білім беру ұйымдарында инновацияларды қабылдауға және табысты енгізуге басшылықтың әсерін талдап көрсетілген. Мақалада инновациялық мәдениетті қалыптастырудағы менеджерлердің рөліне қатысты негізгі аспектілер қарастырылады, педагогикалық ұжымды тәжірибе жасауға және оқытудың жаңа әдістерін енгізуге ынталандырады. Сондай-ақ білім сапасын арттыруға және болашақ ұрпақты заманауи әлемнің сын-қатерлеріне дайындауға көмектесетін білім беру жобаларын әзірлеу мен жүзеге асыруда көшбасшылық қолдаудың қажеттілігі туралы мәселе көтеріледі. Қорытындылай келе, мақалада білім берудің табысты инновациялық дамуы үшін сауатты және тиімді көшбасшылықтың маңыздылығы атап өтіледі.

**Түйінді сөздер:** Инновациялық белсенділік, білім берудегі көшбасшылық, инновациялық орта, мұғалім мотивациясы, білім беру бастамалары

**Аннотация.** В данной статье исследуется ключевая роль лидеров инновационного образования. Она анализирует влияние лидерства на принятие и успешное внедрение инноваций в образовательных учреждениях. В статье рассматриваются основные аспекты, связанные с ролью менеджеров в формировании инновационной культуры, мотивации педагогического коллектива к экспериментированию и внедрению новых методов обучения. Также поднимается вопрос о необходимости поддержки со стороны руководства разработки и реализации образовательных проектов, способствующих повышению качества образования и подготовке будущего поколения к вызовам современного мира. В заключение в статье подчеркивается важность грамотного и эффективного руководства для успешного инновационного развития образования.

**Ключевые слова:** Инновационная деятельность, образовательное лидерство, инновационная среда, мотивация учителя, образовательные инициативы.

**Abstract.** This article explores the key role played by leaders in innovative education. She analyzes the influence of leadership on the adoption and successful implementation of innovations in educational institutions. The article discusses the main aspects related to the role of managers in the formation of an innovative culture, motivating teaching staff to experiment and introduce new teaching methods. The question is also raised about the need for leadership support in the development and implementation of educational projects that help improve the quality of

education and prepare the future generation for the challenges of the modern world. In conclusion, the article emphasizes the importance of competent and effective leadership for successful innovative development of education.

**Key words:** Innovative activity, educational Leadership, innovative environment, teacher motivation, educational initiatives

Innovative education is a key factor determining the future of educational systems and the development of society as a whole. Today's educational institutions face ever-changing challenges, and educational leaders play an important role in overcoming these challenges and achieving educational goals. This issue is not limited to simply introducing new technologies into the educational process; it also includes creating an innovative environment that encourages the development of creative thinking, critical thinking and student autonomy.

This article will focus on the role of leaders in innovative education. After all, it is the leaders of educational institutions, be they school directors, university rectors or educational program administrators, who are responsible for creating and maintaining an innovative atmosphere. They are drivers of change and strive to ensure that education is relevant, inspiring and prepares students for the complexities of the modern world.

This article will analyze the key aspects of shaping the successful role of leaders in innovative education. It will examine how leadership can contribute to the creation and maintenance of innovative educational programs, and what skills and attributes are needed to effectively manage educational change. It will also examine the challenges facing leaders in the field and possible strategies and solutions to overcome them.

Therefore, this article aims to discuss the importance of the role of leaders in innovation education and identify the key components required to achieve success in this field.

There is a need for effective ways to regulate the sociocultural space of a general education institution, and for the development and implementation of new innovative teaching technologies [1, p. 68]. A general understanding is being formed in society that modern management activities should be carried out by a special type of leader - an innovative manager (table 1). But at the same time, today insufficient attention is paid to the analysis of the role of the high school principal in relation to the innovativeness of its teaching staff, which gives rise to the problem of “underutilization” of innovative resources in the management of a general education institution.

Table 1. The Role of Leaders in Innovative Education

The Role of Leaders in Innovative Education	Description
Setting Strategic Direction	Educational institution leaders define the strategic goals and development directions. They must incorporate innovations into their strategies and ensure their high priority.
Providing Resources	Implementing innovative projects often requires funding, technical resources, and support. Leaders must secure the necessary resources for the successful execution of innovations.
Supporting Learners and Educators	Leaders should create conditions that support learners and educators in adapting to new educational technologies and methods
Monitoring and Evaluation	Leaders are responsible for monitoring the

	effectiveness of innovations, conducting assessments, and adjusting the strategy based on the results
--	---

Teaching staff always have such scattered characteristics according to the main criteria, so it is difficult to gather those who understand and know who are suitable in character [2, p. 124]. The quality of a good director is the ability to create a creative team “out of what was already there.” So that everyone feels needed by the school, the director, society and, of course, themselves (table 2).

Table 2. Strategies Employed by Leaders to Promote Innovations

Strategies	Description
Fostering an Innovative Culture	Leaders can cultivate a culture that encourages and values innovation. This includes supporting the ideas and initiatives of staff and learners
Partnerships with External Organizations	Leaders can establish partnerships with external organizations such as innovative startups, universities, and research centers for knowledge and resource exchange.
Training and Development	Leaders should invest in the professional development of their staff to enable them to successfully execute innovative projects.

A modern school director must solve the main task - to ensure the advanced, innovative nature of education: set tasks that are important today and will become even more important tomorrow, and find ways to solve them [3, p. 363]. The director is the first person in the school, and this position obliges him to think strategically, be far-sighted, and work to create a perfect management system. This formulation of the question assumes that school principals are professional and skillful innovative managers [4, p. 24].

In conclusion, the role of leaders in innovative education is paramount to the success of educational institutions in a rapidly evolving world. Leaders play a multifaceted role in driving innovation within the realm of education, and their influence extends to setting strategic direction, providing necessary resources, and fostering a culture of innovation.

Leaders must not only envision innovative solutions but also ensure that these innovations align with the institution's overarching goals and objectives. They act as catalysts for change, driving the integration of cutting-edge technologies and teaching methodologies into the educational landscape.

Furthermore, leaders are responsible for securing the essential resources, both financial and technical, required for the effective implementation of innovative projects. Their ability to allocate resources efficiently and effectively can significantly impact the outcomes of these initiatives.

Equally important is the role leaders play in supporting learners and educators as they adapt to new educational technologies and teaching methods. By creating an environment that encourages experimentation and learning, leaders empower both students and faculty to thrive in an era of constant innovation.

Additionally, leaders are tasked with the critical function of monitoring and evaluating the outcomes of innovative initiatives. Through systematic assessment, they can identify areas for improvement and make data-driven decisions to refine strategies and achieve better results.

In essence, leaders are the driving force behind the transformative power of innovation in

education. Their vision, resourcefulness, and commitment to fostering a culture of innovation shape the future of learning. As education continues to evolve, the role of leaders in championing innovation will remain instrumental in preparing learners for the challenges and opportunities of tomorrow.

#### List of sources

1. Dzhamaletdinov R.Kh. Understanding leadership in adolescence. Collection of scientific works "Changing youth in a changing world: a view from the inside", Kokshetau, 2013 - pp. 68.
2. Dzhamaletdinov R.Kh. Psychophysiological stability of gifted adolescents. Materials of the IV Republican scientific and practical conference "Comparative research in education in the outline of the development of the intellectual potential of the individual", Almaty, 2012, pp. 124.
3. Innovations in education: implementation experience. Innovations in management. Innovations in educational and extracurricular activities. The use of innovative technologies in public education: materials of the VII interregional correspondence scientific and practical conference, Kemerovo, February 2016. Kemerovo: MBOU DPO "Scientific and Methodological Center", 2016. 363 p.
4. Naydenova Z.G. Development of innovation processes in regional education system // Person and education. 2009. pp. 24.

## **ФИНАНСОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ КАК ПОКАЗАТЕЛЬ КАЧЕСТВА ЖИЗНИ РК**

**Танатова А.Р., Бейсембаева А.Б.**

Таразский региональный университет им М.Х.Дулати, Тараз, РК, [aselbb02@mail.ru](mailto:aselbb02@mail.ru)

#### Андатпа

Бұл мақала Қазақстан Республикасындағы қаржылық сауаттылықты зерттейді. Өйткені қаржылық сауаттылық кез келген қоғамда өмір сүру сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Қаржылық білімі мен дағдылары бар адамдар өз қаржысын тиімдірек басқарады, қаржылық мақсаттарға қол жеткізеді, өз активтерінің қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз етеді, дамуға инвестиция салады және елдің экономикалық дамуына үлес қосады. Сондықтан Қазақстан Республикасында қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеу халықтың өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді. Ол адамдардың қаржылық сауаттылығын дамытуға және ақылды қаржылық шешімдер қабылдауға көмектесетін зерттеулердің, әдістердің және тәжірибелердің қысқаша мазмұнын береді. Осылайша, қаржылық сауаттылықты арттыру барлық адамдар үшін қажеттілік болып табылады және оған білім беру бағдарламалары, өзін-өзі тәрбиелеу, кеңес беру және практикалық тәжірибе арқылы қол жеткізуге болады. Бұл аннотация қаржылық сауаттылықты арттырудың маңызды аспектілері бойынша нұсқауларды ұсынады және адамдарды қаржылық дағдылары мен білімдерін дамытуға ынталандырады.

Түйінді сөздер: сауаттылық, тұрмыс, түсінік, экономика, даму, халық, болашақ, білім, қауіпсіздік, қаржы.

#### Аннотация

Данная статья рассматривает финансовую грамотность в Республики Казахстан. Так как финансовая грамотность играет важную роль в повышении качества жизни в любом обществе. Люди, обладающие финансовыми знаниями и навыками, более эффективно управляют своими финансами, достигают финансовых целей, обеспечивают безопасность

и защиту своих активов, инвестируют в развитие и способствуют экономическому развитию страны. Цель данной аннотации состоит в описании некоторых основных аспектов повышения финансовой грамотности. Она представляет собой краткий обзор исследований, методов и практик, которые помогают людям развивать свою финансовую грамотность и принимать осмысленные финансовые решения. Таким образом, повышение финансовой грамотности является необходимостью для всех людей и может быть достигнуто с помощью образовательных программ, самообразования, консультаций и практического опыта. Эта аннотация предлагает руководство по основным аспектам повышения финансовой грамотности и стимулирует людей к развитию своих финансовых навыков и знаний.

Ключевые слова: грамотность, жизнь, концепция, экономика, развитие, население, будущее, знание, безопасность, финансы.

#### Abstract

This article examines financial literacy in the Republic of Kazakhstan. Because financial literacy plays an important role in improving the quality of life in any society. People with financial knowledge and skills manage their finances more effectively, achieve financial goals, ensure the security and protection of their assets, invest in development and contribute to the economic development of the country. Therefore, the development of programs and activities to improve financial literacy in the Republic of Kazakhstan can significantly improve the quality of life of the population. It provides a summary of research, methods, and practices that help people develop their financial literacy and make smart financial decisions. Thus, improving financial literacy is a necessity for all people and can be achieved through educational programs, self-education, counseling and practical experience. This abstract offers guidance on the essential aspects of improving financial literacy and encourages people to develop their financial skills and knowledge.

Key words: literacy, life, concept, economics, development, population, future, knowledge, security, finance.

